

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 234 (9811)

1955 жылғы 26 ноябрь

Сенбі

Шығуына 36 жыл.
Мәке саны 20 жылды.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индия Республикасының парламентінде сөз сөйлеуі (1-бет).

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев Индиядағы аса ірі құрылыстардың бірі—Бхакра—Нангада болды (1-бет).

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Колхоздардың табысын молайта берейік. Г. Косми. — Бас-

тауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарларын өткізу (2-бет).

КПСС XX СЪЕЗІ ҚҰРМЕТІНЕ:

Р. Уәлиев.—Өсу жолында. Ш. Қалжанов.—Жоспардан тыс. Р. Нильматов, — Еңбек өрлеуі— (2-бет).

Т. Мұхаметрақымов.— Инженерлердің өндірістегі ролі туралы (2-бет).

АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ САУЫНШЫЛАРДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕҢЕСІ: Сауыншы

Дьяченко, Сикун, Думанская, Жайлаубаева, зоотехник Қажғалиев, Шахметов жолдастардың сөздері. Сауыншы— фермадағы басты тұра— облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов жолдастың баяндамағынан (3-бет).

Қ. Ақбидәев.— Поляк халқының ұлы ақыны (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индия Республикасының парламентінде сөз сөйлеуі

ДЕЛИ, 21 ноябрь. (ТАСС). Бүгін СССР Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мүшесі Н. С. Хрущев Индия Республикасының парламентінде болды.

Бүгін таңертең Индияның парламенті үзліктен кейін өзінің қызғы сессиясына жыйналды.

Жергілікті уақыт бойынша 16 сағат 30 минутта Индия парламентінің төменгі — халық палатасының мәжілісі болып жатты. Бұл төртбінде тұрған «баспасөзді тіркеу туралы» заң жобасы талқыланды, ол Индиядағы газет-баспа ісін реттеу жөніндегі шараларға қатысты заң жобасы болатын Премьер-министр Дж. Неру бастаған үкімет мүшелері депутаттар креслелары аэфиатеатрының бірінші қатарынан келіп өздерінің орындарын алды. Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев мәжіліс залына келіп, спикердің сол жағындағы ода-

ша орынға отырғанда, депутаттар оларды қолшалақтап қарсы алды. Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев мәжілістің ету төртбін байқады. Олардың қасында парламент істері жөніндегі министр С. Н. Синха болды. Бұдан кейін Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев штаттар советінің мәжіліс залына барды, мұнда бұл кезде әйелдердің праволарын бірсыпыра кеңейтп, олардың жағдайын жақсартуды көздеген заң жобасы талқыланып жатыр екен.

Сағат 18-де екі палатаның мәжілісі жабылды. Депутаттар парламенттің дөңселек үйінің ортасындағы екі палатаның үйлері арасында орналасқан бауга шықты. Халық палатасы мен штаттар советінің мүшелері Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті достықпен құттықтады, олармен ұзақ әңгімелесті. Премьер-министр Неру бұл әңгімелерге қатысты.

Бұдан соң парламент сарайының орталық дөңселек залына екі палатаның бірлескен мәжілісі болды. Екі палатаның мүшелерінен—700-дей адамның басқа, залда Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің қасына өрген адамдардың бәрі, елші М. А. Меньшиков бастаған СССР-дің Индиядағы елшілігінің дипломатиялық құрамы, Индия баспасөзінің өкілдері, Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индияда болуымен байланысты Индия үкіметі шақырған бір топ совет журналистері де болды.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің залға келуі қызу қолшалақтаумен қарсы алынды. Н. А. Булганинмен және Н. С. Хрущевпен бірге штаттар советінің председатели —Индияның вице-президенти С. Радхакришнан мен халық палатасының спикері Г. В. Маваланкар трибунадан келіп орын алды. Премьер-министр Неру

креслелардың алдыңғы қатарындағы орынға келіп отырды.

Қысқаша сөзінде Маваланкар советтік қонақтарды парламент мүшелерінің атынан құттықтады. Бұдан кейін ол Н. А. Булганинге сөз берді.

Н. А. Булганиннің сөзінен кейін председателдік етуші Маваланкар Н. С. Хрущевке сөз берді.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің сөздері хинди тіліне аударылды және оларды парламенттің мүшелері өте зейінмен тыңдады.

Председателдік етуші Г. В. Маваланкар өздерінің айқын және түсінікті сөздерімен Индия парламенті мүшелерінің алдында совет халқының мұраттары мен жетістіктерін баяндап бергені үшін советтік қонақтарға алғыс айтты және мәжілісті жабылды деп жариялады.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев Индиядағы аса ірі құрылыстардың бірі—Бхакра - Нангалда болды

ДЕЛИ, 22 ноябрь. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Бүгін СССР Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мүшесі Н. С. Хрущев және олармен бірге жүрген адамдар Индиядағы ең ірі құрылыстардың бірі —Бхакра-Нангалда болды. Олардың қасында СССР-дің Индиядағы елшісі М. А. Меньшиков пен Индияның СССР-дегі елшісі К. П. Ш. Менон ерліп жүрді.

Таңертеңгі сағат 9-да арнаулы поезд советтік үкімет делегациясын Делиден Нангалда алып барды. Темір жол станциясында Нангал мен оның маңындағы деревнялардың бірнеше мың тұрғындары жыйналған. Олардың көпшілігі мұнда совет мемлекетінің басшылары — Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті құттықтау үшін 10—15 километр жерден келген. Мейрамдарына ешбір еректер мен әйелдер қолдарына Индия және совет жалауларын ұстаған, сол сияқты Пенджаб және орыс тілдерінде ұрандар жазылған қызыл мата-

раджа Патиллы және басқа адамдар болды.

Таңертеңгі қонақасы кезінде губернатор Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевке арнап қысқаша құттықтау сөз сөйледі. Ол былай деді: біз сіздердің Пенджаб штатына келгендеріңізге өте қуаныштымыз. Пенджаб халқының сіздерді жылы шыраймен қарсы алып, меймандостық көрсетуі бүкіл Индия халқының Совет Одағының халқына деген адал ниетті достық сезімінің белгісі болып табылады. Бүгін сіздер көрген құрылыс, деді губернатор, өзіміздің елімізде істемекші болып отырған барлық жұмыстарымыздың белгісі болып табылады. Біз бұл ұлы істе сіздердің көмек көрсетулеріңізді тілеген болар едік. Біз сіздердің тәжірибелеріңізден көп нәрсе алған болар едік.

Н. А. Булганин жауап сөзінде жылы шыраймен қарсы алып, меймандостық көрсеткені үшін шексіз алғыс айтты. Ол Пенджаб халқының меймандостығы Индия

істерімізге қол сұқпауды өтінеміз. Ал өзіміз басқалардың ісіне араласуға бармаймыз. (Қолшалақтау).

Премьер-министр Неру мен біздің досымыз Чжоу Эн-лай жариялаған бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі бізді толық қанағаттандырады. (Қолшалақтау). Сондықтан да оны біз Неру Москваға барған кезде бірлесіп қол қойған белгілі декларацияда мақұлдадық.

Саяси құрылыс мәселелері жөнінде болса, бұл туралы, өрине, бізде өте айқын белгіленген көзқарастар бар, бірақ оларды біз басқаларға еркісіз таңғалы отырғанымыз жоқ. Шаруашылық құрылыс пен техника мәселелерінің жөні басқа, — бұлар халықаралық мәселелер.

Нильшай Александрович осында бүгін бізге көрсетілген электр станциясының құрылысын көру ұнағандығын дұрыс айтты. Ал адамдарды көру, олардың жайнаған көздерін, ежеттілінен жұмыс істеп

Н. С. Хрущев сөзінің қорытындысында Индия—совет достығын оған әрі нығайта беру үшін және премьер-министр Дж. Нерудің денсаулығы үшін тост көтерді.

Мұнан кейін Махараджа Патиллы Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевқа тартулар — күміспен және алтынмен өрнектелген ескі заманғы екі қылышты ұсынды. «Бұл қылыштар бейбітшілікті қорғауға қызмет етсін», — деді Махараджа. Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев Махараджаға қымбат бағалы сыйлықтары үшін алғыс айтып, оған совет шеберлерінің қолымен жасалған сыйлықтар ташырды.

Махараджаға сыйлығы үшін алғыс айта келіп, Н. С. Хрущев былай деді: «Бұл сыйлықты мен символикалық, достық белгі ретінде сақтаймын. Бұл әдемі семсерді көргенде маған мынадай ой келді: біздер совет адамдары, былай деп пайымдаймыз. Бала туғанда қамқорлықпен бағын күтуді біреке етеді. Егер оны күтімсіз қалдырса, егер оны қорғасыз қалдырса, егер оның



А. И. МИКОЯН.

Анастас Иванович МИКОЯН жолдасқа

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағының Министрлер Советі Лениннің сенімді шәкірті және Сталиннің серігі, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі, Сізді туғаныңызға 60 жыл толған күніңізбен құттықтаймыз.

лар көтерген. Ол ұрандарда:

«Булганин мен Хрущев мырзалар, хош келдіңіздер!», «Бейбітшілік жасасын!», «Индия—Совет достығы жасасын!» делінген.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті Пенджаб штатының губернаторы С. П. Н. Сингх пен штаттың бас министрі Бхимсен Сачар жылы жүзбен қарсы алды. Вокзалда құрметті қарауыл сап түзеп тұрып, Совет Одағы мен Индияның мемлекеттік гимндері орындалды.

Мұнан кейін Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев ашық машинаға отырып, Бхакра плотинасының құрылысын аралауға шықты. Нангалдан Бхакраға дейінгі жолдың бойына ондаған мың адамдар жыйналған, олар совет мемлекетінің басты қайраткерлерін қолшалақтап, «Булганин мен Хрущев жасасын!», «Индиялықтар мен орыстар—туыскандар!», «Неру жасасын!» деген ұрандар алып қызу құттықтады.

Бхакраға барғаннан кейін Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев плотинаның құрылысын көрді. Бхакра—Нангалдың бүкіл құрылыс системасының жобасымен танысты.

Қонақтардың алдынан Гималай сілемдерінің көрікті жырғаларына орналасқан плотина мен электр станцияларының салына бастаған құрылысының тамаша панорамасы ашылды. Өткен жылғы июльге дейін бұл жерден Сатледж өзені ағып жататын еді, ал қазір ол тоннель арқылы айналып өтетін болды. Сөйтін плотинаның құрылысы үшін, жаны қуаты 800 мың киловаттық электр станциясын және ұзындығы 90 километрлік су қоймасын салу үшін ол арна босатылған.

Жуырда Индияның премьер-министрі Дж. Неру плотина бетонның алғашқы шемшіні құйған болатын. Мұндағы құрылыс жұмысына әзірлік бірнеше жыл бұрын басталған. Жуырда ғана тәуелсіздік алған Индия халқы табиғатқа табандылықпен шабуыл жасай бастады, ол оның байлығын елдің экономикасын өркендетуге, өзінің материалдық жағдайын жақсартуға пайдаланады.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев құрылыс бастығы инженер С. Д. Кунгар мен басқа мамандардан жобаның техникалық детальдары туралы, болашақ су қоймасының мөлшері туралы, Бхакрадағы болашақ электр станциясының қанша турбинасы болатынын және қуаты қандай болатынын толық сұрады.

Плотина құрылысын қарап шыққаннан кейін Пенджаб штатының губернаторы С. П. Н. Сингх Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің құрметіне таңертеңгі қонақасы берді. Қонақасына Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтен және олардың қасында жүрген адамдардан басқа СССР-дің Индиядағы елшісі М. А. Меньшиков, Индияның СССР-дегі елшісі К. П. Ш. Менон, штаттың бас министрі Бхимсен Сачар, Маха-

мен Совет Одағы халықтары арасындағы достықтың өсерлі сақтанатына айналғанын айтты. «Пенджабтықтардың бізге білдірген көңілі, — деді Н. А. Булганин, — бізді өте қуанышка бөлеп, өзімізді ойша елімізге алып барды, онда біз совет адамдарына Индияда бізге көрсетілген сүйіспеншілік туралы айтқан болар едік. Біздің екі елдің арасында биік-биік таулар, орасан зор алыс өлке жатыр, бірақ біздің арасымызда достыққа бөгет жоқ. Оған таулар да, жазық далалар да бөгет бола алмайды». (Қолшалаптау). Булганин тағы да қолшалақтау үстінде хинди тілінде былай деді: «Хинду, руси бхай, бхай» (индиялықтар, орыстар—туыскандар). Бүгін Бхакра—Нангал құрылысын көру өзіне және Н. С. Хрущевқа өте ұнағанын айта келіп, Булганин Индияның ұлы халқы үшін, совет—индия достығы үшін тост көтерді.

Н. А. Булганиннен кейін Н. С. Хрущев қысқаша сөз сөйледі. «Достар! Біз бірнеше күннен бері сіздердің тамаша елдеріңізге жүріміз. Мен күннің өсебінен де жаңылып қалдым —қызықты әсерлер мен кездесулер соншалық көп болып жатыр. Біз көп адамдарды көрдік. Индияның халқы жасаған көптеген небір жақсы нәрселерді көрдік. (Қолшалақтау). Біз ескі заманғы храмдарды да, жаңа құрылыстарды да көрдік. Алайда біздің көргендеріміздің ішіндегі ең қымбаттысы —барлық жерде жақсы достық сезімдердің байқалуы (қолшалақтау).

Жуырда бізге премьер-министр Неру келіп кетті. Оны бізде де жылы шыраймен қарсы алды. Біздер, совет адамдары, оны өте бағалаймыз, бағалағанда, біздің екі елдің арасындағы достықты, бейбітшілікті, барлық халықтардың арасындағы достықты нығайту жолындағы біздің ортақ күресіміздің маңызын түсінгені үшін бағалаймыз.

Біздің саяси көзқарастарымыз әртүрлі. Сіздердің өз көзқарастарыңыз, өз философияларыңыз бар, біздікі —өзімізше. Көзір бізге қандай мәселелер жөнінде келіспейтіндігімізді анықтан жатууды жергі қанша? Ең маңыздысы — біздің негізгі мәселеде келісіп отырғанымызды атап айту. (Қолшалақтау). Біз соғыс және бейбітшілік туралы мәселе жөнінде пікірлесіп. Бұл мәселелер барлық адамдарды толғандырмай қоймайды. Әрбір адал ниетті адам бейбітшілікті тілемей, ол үшін күреспей отыра алмайды. (Қолшалақтау). Міне сондықтан да біз бейбітшілік үшін күресте, мемлекеттері ұлы немесе кіші екеніне қарамастан, олардың саяси көзқарастарына, нәсілдеріне, діни сенімдеріне қарамастан өзімізге достар іздейміз. Ең маңыздысы —бейбітшілікті нығайтуға деген ортақ тілектің болуы. Ал қамның мемлекеттік құрылысы қандай — бұл әрбір елдің ішкі ісі. Ал саяси көзқарастар жөнінде болса, —ол әрбір адамның өз ісі. Сондықтан біз басқалардан өзіміздің ішкі

Біздің достарымыздың бізге нақ электр станциясының құрылысын көрсеткені бізге өресіне ұнады. Бұл —стихиямен жүресу, табиғатты ауыздықтау, табиғатты адамның қызметіне жеуге жолындағы жүрес. Бұл міндеттің шешілуі Индия халқы үшін өресіне маңызды. Өйткені ол өз кінәсінен емес, басқалардың кінәсінен экономикасында артта қалып қойған халық; мен оларды қолыммен жұсап көрсетпей-ақ қойайын—әңгіме кім туралы болып отырғанын сіздер білесіздер және олардың өздері де біледі. (Қолшалақтау).

Бейбіт құрымыс жөнінде сіздермен тәжірибе ауысуға даяр екенімізді біз айтқан болатынбыз. Бірақ біздің Индияға келуімізді ұнатпайтындардың пікірін бейнелейтін кейбір газеттер көзір Хрущев пен Булганин —ку адамдар, олар техникалық көмек көрсетемін деп Индияны алдап кетуі мүмкін, сондықтан индиялықтар сақ болуға тиіс, деп жазып отыр. (Күлкі).

Бұлай деп жазатындарға біз мынаны айтамыз: Индиямен достық орнату жөнінде мүмкін сіздер бізбен жарысқа түсетін боларсыздар? Кел жарысайық. (Қолшалақтау). Біз мұнда немен келдік? Біз мұнда ашық көңілмен келдік. (Қолшалақтау), адал ниетпен келдік. (Қолшалақтау). Біздің сіздерге айтармыз мынау: сіздер заводтар салмақшы боласыздар ма? Біз бұған қуанамыз. Мүмкін сіздердің тәжірибелеріңіз жетпейтін шығар? Бізден көмек сұраңыздар, біз оны береміз! (Қолшалақтау). Сіздер электр станцияларын салмақшы боласыздар ма? Егер бұл істе сіздердің тәжірибелеріңіз жетпейтін болса, егер сіздер техникалық көмекке мұқтаж болсаңыздар, бізден сұраңыздар, біз оны береміз. (Қолшалақтау). Сіздер бізге өздеріңіздің студенттеріңізді, инженерлеріңізді жібермеңіз боласыздар ма? Мархабат етіңіздер, жіберіңіздер. (Қолшалақтау).

Міне біздің «қулығымыздың» мәні осында —енді, кейбіреулердің жазғаны сияқты, сіздерді алдап кетіп жүрмеңіз, байқаңыздар. (Күлкі, қолшалақтау). Басқа елдердің де нақ осындай «қулық жасауын» біз өте тілеген болар едік. Атом және сутегі бомбаларын шығарудан гөрі, осы істе жарысқа түссек жақсы болар еді. (Ду қолшалақтау). Бұл әлдеқайда игілікті іс.

Сіздер мен бізді арадастыруға тырысатын кейбір авторлардың жазғандары мен радио хабарлары жөнінде айтатын болсақ, олар бізді қобалжыта алмайды. Олар сөйлейді, жазды радио арқылы айтады, бірақ мұның бәрі бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шығып жатады. (Қолшалақтау). Көзір жұрт сөзбен емес, іспен бағалауға дағдыланған. (Қолшалақтау). Сондықтан да біз индиялықтармен кездескенде, олардың тілін білмесек те, достық сезімдерін көздерінен-ақ аңғарамыз». (Қолшалақтау).

қамын ойламаса ол аяқт болады. Оңд өзің қорғау қаліне жетпейне дейін мәшәлеп, қорғап отыру керек. Сіздерде жұрттың ағашты қалай күтетіндігі маған ұнады. Ағаштың әлі жас кезінде оны жел сындырып, андаусыз аяқ басып кетпесін деп қамқорлықпен қоршап жояды. Ағаш өсіп жетіледі, енді оған ешқандай қоршаудың керегі жоқ. Үлкен және берік ағашқа жел келе, боран да қорқынышты емес. Мемлекеттің жағдайы да осындай. Біздің мемлекет бұдан 38 жыл бұрын туды. Ол әуелі әлсіз еді, аяғын қаз-қаз басып енді ғана тұрған кезде, оған бірден 14 мемлекет жабыла жетті. Ағылшындар бізге қарсы атой салды. Осында отырған ағылшын журналистері, мырзалар, сіздер ғапу етіңіздер. Бірақ, өн салғанда сөзін алып тастауға болмайды, десең бар. Бұл тарихи факті. Бізге американдар, француздар, жалаңдар тап берді, ал енді бізге не істеу керек болды? Қол қусыру ма? Жоқ. Біздің халқымыз басқаша істеді. Ол өзінің семсерін қынабынан суырып, жас мемлекетті қорғауға шықты. Біз соғысты жақсы өткіздік. Біз басқыншыларды қуып шығып, енді бізге соғыспен шелуші болмаңдар дедік. Балғы ескі заманда бір орыс князі былай деген екен: кім де кім бізге семсермен келсе, ол семсерден апат болады. Біз бұл ережені көзірде де ұстаймыз. Қонақтарға — хош келдіңіз дейміз, жақсы қарсы аламыз. Бірақ кім де кім бізге семсермен, жау болып келетін болса, ол Гитлердің күні не болғанын өскеретін болсын, басқа қандай жаудың болса да күні сондай болады. (Қолшалақтау).

Мен сіздерге ешқандай ақыл айтқалы тұрғаным жоқ. Бірақ Индия отаршылдардың тепшісінде қанша уақытын өткізді деген сұрақ еріксіз туалы. Жүздеген жылдарын өткізді. Әрине, бостандық пен тәуелсіздікті сақтауды сіздер өздеріңіз де ойластырасыздар. Мен тек өз тәжірибемізден мынаны айтақшымын: кейбіреулер бізге сұқтана қарайды және қайтсек қыратамыз деп ойлайды. Әрине, біз өзіміздің бомбаларымыз бен снарядтарымыздың ешқашан да жарылмауын тілеген болар едік. Біз өз тракторларымызды және басқа пайдалы заттарымызды шығара беруді артық көрген болар едік. Бірақ егер біз қарусызданған болсақ, халіміз қандай болар еді? Бізді сөзсіз бөлшектеп жіртқылар еді, ал сонда біздің немерелеріміз былай дер еді: ұлы Ленин болған еді, ол халықтың мүдделерін дұрыс түсінген еді. Оның басшылығымен советтік құрылысқа қол жеткен еді, советтік мемлекет құрылған еді, ал ұрпақтар бұл мемлекеттің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қала алмапты. Бұлай болмас үшін біз өзіміздің бостандығымызды қасиетпен қорғаймыз. Мұнысыз ешқандай бара алмайсың. Сіздер де өздеріңіздің ауыр күреспен жеңіп алған нәрселеріңізді сақтаңыздар.

Біз Сіздердің осылай етулеріңізді адал ниетпен тілейміз». (Қолшалақтау).

Коммунистік партия мен совет халқы Совет мемлекетін және социалистік шаруашылықты құру ісінде, Совет Одағының халықаралық экономикалық байланыстарын дамытуда сіңірген Сіздің еңбектеріңізді жоғары бағалайды.

Партиялық және мемлекеттік жұмыстағы жауапты қызметтердің бәрінде де Сіз өзіңізге тән жігермен өзіңіздің күшіңіз бен біліміңізді коммунизм орнату ісіне жұмсадыңыз және жұмсаудасыз.

Біздің досымыз және жолдасымыз, біздің қымбатты Анастас Иванович, Сіздің ұзақ жылдар бойы сау-сәламет болып, біздің социалистік Отанымыздың халықтарының игілігіне, коммунизмнің игілігіне одан әрі жемісті қызмет етуіңізге шын жүректен тілектеспіз.

Совет Одағы Коммунистік ЦСР Одағының Партиясының Орталық Комитеті Министрлер Советі

А. И. МИКОЯН ЖОЛДАСТЫ ЛЕНИН ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

СССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және КПСС Орталық Комитеті Президиумының Мүшесі А. И. Микоян жолдастың туғанына 60 жыл толуымен байланысты және оның Коммунистік партия мен совет халқы алдында сіңірген зор еңбектері атап көрсетіліп, Анастас Иванович Микоян жолдас Ленин орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ. Москва, Кремль 24 ноябрь, 1955 жыл.

ТЕЛЕГРАММА Совет Одағы Министрлер Советінің Председателі Ұлы мәртебелі Н. А. БУЛГАНИН мырзаға

Совет Одағынан кетіп бара жатып, біздің осында болған кезімізде маған және менің қасыма ерген адамдарға көрсетілген шынпейілділік пен меймаңдстық үшін Ұлы мәртебелі Сізге менің тағы да алғыс айтықым келеді. Мен естен кетпес әсерлерді өзімнен бірге алып бара жатырмын және біздің өңгімелеріміздің нәтижесінде тікелей қарым-қатынас орнатылды; бұл қарым-қатынас біздің екі еліміздің арасында тату көршілік қатынастарды нығайтуға көмектесе алады деп сенемін.

Премьер-Министр мырза, Сіз арқылы Сіздің әріптестеріңізге және бүкіл совет халқына шын жүректен сәлем тапсыруыма рұқсат етіңіз.

Ленинград, 22 ноябрь 1955 жыл. З. ГЕРХАРДСЕН.

ВЦСПС секретариатында Қысқы каникул кезіндегі балалардың демалысы

ВЦСПС секретариаты 1955—1956 оқу жылындағы қысқы каникул кезінде жұмысшылар мен қызметшілер балаларының демалысы туралы қаулы қабылдады.

ВЦСПС секретариаты кәсіподақтардың комитеттері мен советтеріне қысқы каникул кезінде клубтарда, мәдениет үйлері мен сарайларында, қызыл мүйістерде жаңа жылдық елқалар, балдар және карнавалдар ұйымдастыруды, көркем өнерпаздардың өнері мен балалардың техникалық творчествосын кеңінен көрсетуді, спорт мейрамдары мен физкультура жарыстарын өткізуді міндеттеді. Каникул кезінде кәсіподақтардың қарамағындағы шаңғы базаларын, муз айдындарын, спорт құрал-жабдығын күндіз балалардың тегін пайдалануына беру қажет. Кәсіподақтар советтеріне республикалық, өлкелік, облыстық, сондай-ақ ірі өнердәсіптік орталықтарда 2.530 мың балаларға арнап жалпы қалалық одақаралық жаңа жылдық елқалар өткізу ұсынылды. Кәсіподақтардың орталық комитеттері мен советтеріне 1955 жылғы 30 декабрьден бастап мектеп оқушыларының 12 күнге созылатын қысқы демалысын ұйымдастыру, бұл үшін қыс жағдайында жұмыс істеуге бейімделген пионер лагерлерінің үйлерін және демалыс үйлерін пайдалану тапсырылды. Қысқы пионер лагерлері мұнымен қатар каникул кезінде курорттардың, санаторийлердің және демалыс үйлерінің ВЦСПС-қа қарайтын орталық басқармасының сауықтыру орындарында да ұйымдастырылады. Қысқы пионер лагерлерінде 50 мыңнан аса мектеп оқушысы болады. (ТАСС).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Колхоздардың табысын молайта берейік

Партия ұйымдарының басшылығына сүйене отырып, аудан колхоздары ауыл шаруашылығын өркендетуде едәуір табыстарға ие болды. 1954—1955 жылдары колхоздар 18 мың гектардан астам тың көтеріп, үстіміздегі жылғы егіс көлемін анағұрлым ұлғайтты. Мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын 112 процент орындалды. Колхоздар 4600 гектар жүгері егіп, мол өнім жыйнады. Мичурин атынағы колхоз жүгерінің әрбір гектарынан орта есеппен 250 гектар сүрлемдік көкпе шәуыл, әрбір сыйыр үшін 22 тоннадан сүрлем дайындады.

Осы сияқты аудан колхоздары мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінде де елеулі табыстарға ие болды. Осының нәтижесінде олар мемлекетке ет, сүт, жүн тапсыру жөніндегі жоспарларды аброймен орындады. Колхоздар мал қысқату маусымына тынғылықты әзірлікпен кірісті. Мал азығының берік базасы жасалды, дайындалған жемшоптің 95 проценті мал қораларының маңына тасылып үйілді.

Бірақ мұның бәрі, конференцияда атап көрсетілгендей, КПСС Орталық Комитетінің сәуір, январь Пленумдарының қарарларын жүзеге асыру жолындағы күресте қол жеткен алғашқы табыстар ғана болып табылады. Аудан партия ұйымы колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлерін ауыл шаруашылығы өндірісін шүгүл өркендету күресіне әлі де жеткіліксіз жұмысшыларын отыр. Колхоздарда қаржы, өнімді екістердің көлемі, еңбекшілердің бұл дағдыларға деген қажетін қамтамасыз ете алмайды. Ауданда мал шаруашылығын жан-жақты өркендетудің зор резервтері бар. Солай бола тұрса да аудан мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспарды малдың бірде-бір түлігі бойынша орындай алмады. Аудан колхоздарында, әсіресе сыйыр малының көп шығын болуына жол беріліп келеді.

Аудандық партия комитетінің секретары Макаров жолдастың есепті баяндамасы бойынша сөз сөйлеген делегаттар ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыруда орын табу үшін көптеген кемшіліктердің бетін бағып ашып, ол кемшіліктерді жетел жолдың жолдарын көрсетті, аудандық партия комитетінің жұмысындағы кейбір кемшіліктер жөнінде сын ескертулер жасады.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председатели Рулимов жолдас партиялық-саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен байластыра жүргізудің қажеттігіне тоқталды. Егер, деді ол, барлық

Конюхов аудандық партия конференциясынан

жерлерде бұқаралық-саяси жұмыс әрбір колхозшының, жұмысшының алдында тұрған міндеттерге сай, мазмұнды жүргізілген болса, ауданның ауыл шаруашылығын өркендетудегі табыстары анағұрлым мол болар еді. Менің колхозды басқарғанымға ұзақ уақыт өткен жоқ, төрт-ақ ай болды. Осы уақыттың ішінде колхозда еңбек тәртібінің төмен екені байқалды. Біз бұл кемшілікті жою жөнінде колхозшы шаруалар арасында саяси жұмыс жүргізіп, олардың өндірістік белсенділіктерін оған әрі арттыру жөнінде аудандық партия комитетінің Чистян МТС-і аймағындағы нұсқаушылар тобынан қажетті көмек ала алмай келеміз. Нұсқаушы Павлов жолдас біздің колхозда тұрады. Бірақ біз оны өндірістің тағдырын шешіп жатқан жерлерде—егіс бригадалары мен мал фермаларынан көре алмаймыз.

Аудандық комитеттің басқа да басшы қызметкерлері жөнінде осыны айтпағанда. Аудандық партия комитетінің секретарьлары біздің колхозға жол жөнекей соғып, көте барады. Олар колхозға келгенде істің жайымен терең танысса, колхоз активтеріне нақтылы нұсқау жөнеспесе, жұмысқа көп пайда келер еді.

Чистян МТС-нің директоры Галай жолдас механизаторлар арасындағы социалистік жарыс формальды ұйымдастырылып келгенін айтты. Мұның бір себебі, деді Галай жолдас, станцияда партия ұйымының секретары ұзақ уақыт болмады. Ал аудандық партия комитеті станция партия ұйымының секретары болмауына төзіп келді. Аудан басшыларының жұмыс стиліндегі бір кемшілік сол, олар артта қалған колхоздарда сирек болады.

«Жаңа түрмыс» колхозының председатели Сергеев жолдас та өзінің сөзінде аудан басшыларының артта қалған колхоздардың экономикасын көтеру үшін қажетті шаралар қолданбай отырғаны туралы айтты. Біздің колхозың, деді ол, шаруашылығы артта қалғанын, аудан тұрсын, облысқа да мәлім. Аудан басшылары колхоз председателин жыл сайын ауыстырады. Бірақ колхозды басқаруға қандай адам келсе де, істің жайын түзете алмай жүр. Мұның себебі аудандық ұйымдар тарапынан колхоз председателинің жұмысына практикалық көмектің болмауы ғой деп ойлаймын. Біз өзіміздің колхозда ауданның бірінші басшыларын ұзақ уақыттан бері көре алмай жүрміз.

Аудандағы «Красная крепость», Куй-

бышев атындағы колхоздар соңғы екі жылда қоғамдық табысты өзелеп арттырып, миллионер шаруашылықтардың қатарына қосылды. Бұл екі шаруашылықта шлак-бетоннан бірнеше мал қоралары салынды, мал фермаларында аспалы жолдар және автоматты суарғыштар жұмыс істейді. Аталған колхоздардың председатели Константинов және Громов жолдас олардың өздерінің сөздерінде артель шаруашылығын басқару жөніндегі тәжірибелерін ортаға салды. Мұнан кейін олар мал шаруашылығындағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру ісіне жете назар аудармағаны үшін Чистян МТС-нің директоры Галай жолдас ты өділ сынады.

—Аудандық партия комитетінің секретарьлары, — деді Киров атындағы колхоздың председатели Лукьянов жолдас, — біздің колхозға келгенде тек шаруашылық жұмыстармен ғана шұғылданады. Олар бұқаралық-саяси жұмыстың жайын білуді, оны мазмұнды ұйымдастыру жөнінде колхоз активтеріне көмек көрсетуді ескермейді.

«Большевизм» колхозының председатели Чинаков жолдас ауыл шаруашылығы мамандарының тапсырылған жұмысқа жауапкершілігін арттыру мәселесіне тоқталды. Чистян МТС-нің аға агрономы Воздвиженский, аға зоотехник Грицайкин колхоздарда сирек болады. Соның өзінде олар егіншілер мен мал өсірушілердің жұмысына қажетті көмек көрсетпейді.

Конференцияда аудандық партия комитетінің бірінші секретары Макаров жолдас МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының жұмысына басшылық пен бақылауды әзірлегені атап көрсетті.

Нұсқаушы Павлов жолдас сөзі конференция делегаттарын қауқаттандырмады. Ол сөзінде партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде маңызды мәселелер көтерудің орнына, өзіне сын ескертулер жасаған адамдарды орынсыз кінәлаумен болды.

Жарыссөзде 21 адам сөз сөйледі. Конференция аудан партия ұйымының жұмысын оған әрі жақсартудың шараларын белгіледі, аудандық партия комитетінің, төлсеру комиссиясының жаңа құрамын сайлады.

Аудандық партия комитетінің бірінші пленумы ұйымдастыру мәселесін қарады. Пленумда аудандық партия комитетінің секретарьлығына Макаров және екінші секретарьлығына Гусев жолдасар сайланды.



Дондағы Ростовта жаңа сағат заводы пайдалануға берілді. Коллектив 31—Б марналы будильниктер шығара бастады. Құрастыру цехының конвейерінен смена сайын 500-ден астам осындай сағаттар шығарылады.

СУРЕТТЕ: жаңа заводтың құрастыру цехының конвейері.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Жаңа асханалар мен магазиндер

Жақында Мамлютта поселкесіндегі жаңа асхана құрылысы аяқталып, ол пайдалануға берілді. Асхананың іші жақсы жабдықталған. Оның үлкен залына жүзден астам адам ояды.

Бұл асхана Мамлютқадағы бйылығы жылдың есебіне кіретін төртінші құрылыс. Поселкесің орталығында азық-түлік тағамдарын сататын көзекші магазин ашылған, ол да пайдалануға берілді. Сондай-ақ әдепті товарлар сататын магазин де жұмысқа қосылды. Бүгін аз күннен кейін поселкадағы жөндеу-механикалық заводында жаңалан тағы да азық-түлік магазині ашылады.

Бйыд Мамлют ауданының бірқатар селоларында да жаңа магазиндер мен асханалар салынды. Сенжарқа селосы мен Интернационал МТС-індегі селолық магазиндер, сондай-ақ Вильямс атындағы колхозда да асхана пайдалануға берілді. Сауда объектілерінің құрылысына 1 миллион 150 мың рубль қаржы жұмсалды. Жаңа асханалар мен магазиндердің ашылуы аудан еңбекшілерінің материалдық қажеттерін өтеп, оларды қажетті азық-түлік және өндіріс товарларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

А. РӘШИТОВ.

Фабриканың қабырға

КПСС XX съезі құрметіне



Өсу жолында

Заводқа жұмысқа орналасқанына төрт ай өткен соң-ақ Беловқа төртінші разрядтағы токарь атағы берілді. Бірақ жас токарь мұнымен тоқтап қалмады. Ол, өз мамандығын меңгеру жолында ұдайы ізденумен болды. Мұның нәтижесі де көріне бастады. Николай Беловтың фотосуреті Петропавл шағын двигательдер заводының көрсеткіш тақтасына ілегіп, оның фамилиясының түсіне «150—200 процент» деген цифрлар да жазылды.

Жеңіл де шағын двигатель жасап шығаруға тапсырма берілгенде, Белов жолдасқа да қысқа мерзім ішінде жаңа тетіктер өңдеуді игеру міндеті жүктелді. Жаңа двигательдің көптеген бөлшектері алюминийден жасалатын еді, ал заводта бұрын алюминийден өнім дайындау өнпалықты болмағандықтан бұл іс токарьларға қыйына соқты.

Белов жаңа тетіктер жасауды меңгеруге өзінің бар жетерін сала кірісті. Ол жаңа өнім шығару тәсілдерін меңгере отырып, бірнеше рационализаторлық ұсыныстар да жасады. Ол двигательдің регуляторын көзкішпен жонғып, өңдеудің жаңа әдісін ұсынды. Бұл әдіс бойынша бөлшек станокта көзкіштің бір берілімінің өзінде үш жерден бірдей жонғылып өңделеді. Мұның нәтижесінде бұрын регуляторды өңдеуге келетін уақыт та үш есеге дейін қысқартылды.

Тетіктерді өңдеу үстінде қыйыншылықтар да көзеспей қойған жоқ. Қонған кезде тетік бірқелкі тегіс емесі жонғымай, көзкішке металл жаңқаларының жабысып қалуы жиі көзделетін болды. Бұл жоғары дәлдікке жетіп, бөлшекті жақсы сылап өңдеуге мүмкіндік бермеді. Өнімнен көптеген ақаулар жіберіліп жүрді. Бұл сияқты сәтсіздіктен арылып, мінсіз жұмыс істеудің жолдары жас токарьді көп ойландырды.

Қыйындықтан шығудың жолы табылды да. Белов жолдас көзкішті қатты металлдан пісіріп қайта жасалды да, оның үстіндегі қабаттың қырын бұрынындай екі есе артық жонғып қырып, өңірлеп жүзін шығарды. Бұған сынақ жұмысын станок білігінді ең шаппаң — минутына 1000—1300 айналымында жүргізді. Бұл ойдарыдай нәтиже берді: бұрынғыдай емес, металл жаңқалары көзкішке жабыс-

пай, жеңіл сырғып өтетін болды. Тетіктер мінсіз өңделетін болды, өңдеудің дәлдігі —18—20 микроға дейін жетті. Жаңа көзкішпен 50 сағат бойы жұмыс істеуге болады. Жаңашыл токарь Белов озат әдістері қолданып, сменалық тапсырмасын 250—300 процентке дейін орындауға жетісті.

Заводтағылар Беловтың өсімін құрметпен атайды. Бұл әбден орынды да. Механикалық цехта станокшылар үшін ашық жаңашылдардың арнаулы мектебі бар, оның бірін цехтағылар «токарь Беловтың мектебі» деп атайды екен. Мұнда оннан астам станокшылар Беловтың өдісін оқып үйренулі. Белов жолдас бұл мектепте басқаларға өзінің іс тәжірибесін ғана үйретіп қоймайды екен, ол мұнымен бірге тыңдаушылардың жаңа мәтелді тоқарлық-бұранда жасайтын станоктардың тетіктерін, оларда жұмыс істеудің тәсілдерін де игеріп алуларына көмектесіп жүр. Бұған дейін басқа станоктарда өңделіп келген регулятордың қорыстарын, подшипник ұяларын, цилиндрдің ұштарын, қартер қақпаларын өңдеу осы жаңа станоктарға көшіріліпті. Белов жолдас тың шебер басқарушының арқасында мұнда да токарьлардың еңбек өнімділігі бір жему деңгейі білмеген, қайта бұрынғысынан анағұрлым көтеріле түскен.

Жаңашыл токарь станокшыларға сонмен қатар алюминий қосындыларын өңдеудің ерекшеліктерін де, көзкіш аспаптарды тиімді пайдаланудың жолдарын да, металл кесудің озат әдістерін қолданудың жолдарын да айтып түсіндіреді. Осының нәтижесінде Белов жолдас тың үйрене отырып, еңбектенуші тоқарлардың еңбек өнімділігі күн сайын арта түсулі. Мәселен, токарь Козлов жолдас тың еңбек өнімділігі соңғы екі-үш айдың ішінде бұрынғысынан болып көтеріген дәрежеде көтеріліп, 343 процентке жетті. Ал, токарь Семидодих жолдас сменалық нормасын үнемі үш есеге жеткізе орындап жүр.

Көзір, КПСС XX съезі құрметіндегі жарыста Белов жолдас еселеген жермен еңбек етіп, смена сайын 4,5 және 5 нормаға дейін орындап жүр. Бұл оны бүкіл коллектив құрметіне белеуде.

Р. УӘЛИЕВ.

Жоспардан тыс

Мамлют механикалық-жөндеу заводының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты барған сайын кеңінен өрістетіп, өндірістік тамаша табыстарға жетіп келеді. Завод коллективі

жолындағы жарыста Егоров жолдас басқаратын мотор жөндеу цехының коллективі үздік еңбек етіп келеді. Цех коллективі өнімді үнемі график бойынша бірқалыпты шығарып отыруға жетісті. Ал, октябрь айында жалпы өнім шығару жөніндегі

Бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарларын өткізу

Жақында болып өткен аудандық партия конференциялары партия тұрмысының маңызды мәселелерінің бірі ретінде бастауыш партия ұйымдары секретарьларының іскерлік қабілеттерін арттыру міндетіне көп назар аударды. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені, бастауыш партия ұйымының секретарьлары коммунистер мен еңбекшілердің қалың бұтарағы арасында күн сайын жұмыс жүргізіп отырған партия қызметкерлерінің ең үлкен тобы болып табылады. Олардың теориялық білімдері жоғары, практикалық жұмыста даярлығы мол болса, партия ұйымдарының жұмысы жемісті болады, партиялық ықпал күшейеді.

Партия кадрларын даярлаудың алуан түрлі әдістері бар. Әрбір партия қызметкері марксизм-лениншік теорияның негіздерін үнемі үйреніп, оны өзінің практикалық жұмысында басшылыққа алуға тиіс. Сонымен қатар партия қызметкерлері партия жұмысының практикалық мәселелерін үнемі зерттеу, өздерінің тәжірибелерін байытып отыруға міндетті.

Бастауыш партия ұйымы секретарьларының даярлығын арттырудың негізгі бір түрі аудандық партия комитеттерінің жанында өтетін семинарлар болып табылады. Бұл семинарлар тыңдаушылардың саяси және мәдени өрісін кеңейтіп, партия жұмысының практикасын үйренуге, сондай-ақ, партия ұйымдарының жұмыс тәжірибелерін жыйнақтап таратуға көмектеседі.

Облыс партия ұйымдарында соңғы жылдары бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарларын өткізу практикасы едәуір жақсарды. Бірқатар аудандық және қалалық партия комитеттері екі айда бір рет партия құрылысының маңызды мәселелері жөнінде бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарларын өткізетін болды. Мұнда завод, колхоз, МТС, совхоздардың, құрылыс орындары мен мәске партия ұйымдарының ерекшеліктері еске алынады. Мұның өзі семинарға қатысушылардың белсенділіктерін арттырып, талқылауға ұсынылған мәселелерді терең зерттеулеріне көмектеседі.

Дегенмен, бұл семинарлар барлық жерлерде партия ұйымдары секретарьларының тәрбие мектебіне айналды деп айту әлі де қиын. Атап айтқан жөн, кейде семинарлардың жұмысы формальды өтіп, ол махихаттың дәрежесінен арта алмайды. Мұндай жағдайда партия басшылығы әлісін терең үйретудің орнына бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына ағымдағы наудандарды орындау жөнінде нұсқау беріледі.

Мәселен, Октябрь ауданында семинарлардың ролі төмендетілген. Мұнда бірқатар бастауыш партия ұйымдарының секре-

тарьларымен әңгімелесе қалсаңыз олар аудандық комитеттің өткізген семинарлары өздерін қанағаттандырмайтындығытарын мәлімдейді. Мұндай мәлімдемелі әсіресе партия ұйымын басқаруға жаңадан келген, практикалық көмекті көп қажет ететін жас секретарьлар тарапынан жиі естуге болады.

Октябрь аудандық партия комитеті семинарларды өткізу тәртібін және онда оқылатын лекциялар мен баяндамалардың тақырыптарын күнібұрын ойластырмайды. Сондықтан семинарларда бір күннің ішінде 3-4 лекция мен баяндама оқылады. Сөйтіп, лекторлар мен баяндамашылар тыңдаумен ғана уақыт өтіп, өзара тәжірибе алмасу ісіне уақыт қалмайды. Бұл жөнінде аудандық комитеттің үстіндегі жылы апрель айында өткізген семинарын мысалға алуға болады. Бұл семинарда аудандық партия комитеті қызметкерлерінің төмендегі мәселелер жөнінде баяндамалары тыңдалды: партия қатарына адамдар қабылдау жөніндегі істі жүргізу тәртібі, коммунистердің есебін жүргізу тәртібі, социалистік жарысқа партиялық басшылық туралы, партия ұйымдарының КПСС Орталық Комитеті январь пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде шаралар белгілеу ісіне қатысуы туралы.

Семинарда маңызды мәселелер талқыланды. Бірақ қызығарлық мәселе сол, талқыланды мәселе бойынша бастауыш партия ұйымы секретарьларының бірде-бірін сөз сөйлеуіне мүмкіндік болмаған. Мұндағы тағы бір кемшілік мынада: алғашқы екі тақырып партия ұйымдарының барлық секретарьлары үшін оқылған. Шынында бұлай етудің қажеті жоқ еді. Өйткені секретарьлардың басым көпшілігі бірнеше жылдан бері жұмыс істеп жүрген, партия қатарына адам алу, коммунистердің есебін жүргізу тәртібін білетін адамдар. Сондықтан алғашқы екі тақырыпты жас секретарьлар үшін ғана оқыған дұрыс еді.

Аудандық партия комитеті сентябрь айында есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізу жөнінде семинар шақырған. Ал бұл мәселе жөнінде қажет болған жағдайда кеңес өткізіп, нұсқау берудің өзі де жеткілікті еді.

Октябрь аудандық партия комитетінің қызметкерлері семинарларды лекториялық немесе кеңестік сыйпатқа айналдырып, семинарлардың жұмысында бастауыш партия ұйымдары секретарьларының сөз сөйлеп, пікір алысуларын, партиялық-саяси жұмыстың жаңа түртері мен әдістерін талқылауын қажет ететінін ұмытаты.

—Соңғы айларда, — деп мәлімдейді «Трудовик» колхозы партия ұйымының секретары Маршинцев жолдас, — Октябрь

аудандық партия комитетінің жанындағы семинарларда бастауыш партия ұйымдары секретарьларының партиялық саяси жұмыстың тәжірибелері жөнінде мазмұнды сөз сөйлеуі ұйымдастырылмады.

Кейбір аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарларын сирек өткізеді. Былай Полудин, Приешім аудандық партия комитеттерінде небары ол бірақ рет өтті. Ал Булаев аудандық партия комитеті бұл жұмысты мүлдем ұмыт қалдырды. Партия қызметкерлерін тәрбиелеуде зор маңызы бар семинар өткізу сияқты жұмыстары мұндай кемшіліктерге төзуге болмайды.

Атап айтқан жөн, бастауыш партия ұйымдары секретарьларын тәрбиелеу ісі осы семинарлар ықпалымен ғана орынбайды, аудандық партия комитеті қызметкерлері колхоз, совхоздарда жиі болып, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын практикалық жұмыс үстінде үйретіп отыруға тиіс. Оларға партия мен үкіметтің директиваларын жүзеге асырудың жолдары, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын ауыл шаруашылығы өндірісіне енгізу және басқа осы сияқты маңызды мәселелер жөнінде кеңес-нұсқау беріп отыру қажет. Алайда, бірқатар жерлерде аудандық партия комитетінің қызметкерлері бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен тығыз байланыс жасап отырмайды.

Марьевка аяғық совхозының секретары Корольев жолдаспен әңгімелескенімізде ол бізге мынаны мәлімдеді:

—Аудандық комитет нашар көмектеседі. Совхоздар аймағы жөніндегі бұрынғы секретарь Мальцев жолдас бізге келе қалса, бір сағаттан артық болмайды. Ол партиялық-саяси жұмыстың жайымен шұғылданады, совхоз коммунистерімен әңгімелеспейді.

Бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарлары партия комитеттерінің жұмысынан маңызды орын алуға тиіс. Кейбір партия комитеттері өздерінің бюро мәжілістерінде семинарлардың жұмысы жөнінде мәселе талқыламайды, сөйтіп партия қызметкерлерін тәрбиелеуде семинарлардың зор ролі атқаратынын ұмытанды. Әрине, мұндай кемшіліктермен келісуге болмайды. Аудандық және қалалық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарларын өткізу практикасын жетілдіре беруге тиіс.

Г. КОЗИН,

ҚКП облыстық комитетінің партия органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары,

Быйылғы жылдың басынан бастап қалалары «Комсомолка» тілі фабрикасында айына бір рет «Тікенек» атты сатиралық газет шығарыла бастады. Жуырда оның 11-ші номері жарыққа шықты. Онда № 2 және № 3 цехтардың қыс күндері жұмыс істеуге нашар әзірленгені, фабриканың жабдықтау бөлімінің бастығы Прытков пен өкілшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы Баймұқанов жолдастардың жұмыстары кемшіліктері өткір сыға алынған.

«Тікенекте» фабрикада өндірістен қол үзбей мамандықты жетілдіру курстарының жұмыс істемей отырғандығы, еңбекті көп тілейтін жұмыстардың механикаландырылмауы да біраз сөз болған. Мұнымен бірге, сатиралық қабырға газетінде өз жұмысына немқетті қарайтын кейбір тілшілер жөнінде қарикатуралар жарияланған.

Р. ХАМИТОВ.

Тағы бір сауда орны

Никольев МТС-інде механизаторлар үшін сауда дүкені ашылды. Мұның өзі механизаторларға қажетті товарларын өз дүкендерінен алуға мүмкіндік берді. Сатушы Булагина тұтынушылардың қажеттерін ескеріп, оларды көпшілік тұтынатын товарлармен қамтамасыз етуге үнемі атсалысып отырды.

Д. ӘЗІРБЕКОВ.

Инженерлердің өндірістегі ролі туралы

Омск темір жолының ең ірі станциялары —Петропавл, Есілжол және Макушино станцияларында хабар беру және стрелкалары қосу электрі орталықтандырылды. Жұмыс істеп жүрген тепловоздар түгел дерлік автостоппен жабдықталды. Бүкіл тепловоз паркін радио байланысымен жабдықтау жүзеге асырылып келеді.

Ірі станцияларда электрі орталықтандыру және тепловоздар пайдалану жүзеге асырыла бастаған кезде транспорттың инженерлері мен техниктеріне аса жауапты міндеттер жүктелді. Өйткені олар қысқ мерзім ішінде жаңа техниканы толық меңгеруге және ол техниканы жұмыс істейтін маман кадрлар даярлап шығаруға міндетті еді. Бұл жауапты жұмыстарды мінсіз атқару үшін арнаулы жоспарлар жасалып, жаңа техниканы үйрену сабақтары жүргізілді. Соның нәтижесінде мамандандырылған станция кезекшілері, операторлар, хабар берушілер және жол жөндеушілер, локомотив машинистері мен жондукторлар бригадалары жол бөлімшесінде көбейе түсті.

Станцияларды электрі орталықтандыру кезінде жаңашылдар мен рационализаторлар көзге түсерліктей еңбек етті. Аға инженер Зелинский жолдас электр механигі Должанковпен бірлесіп отырып, байланыс

бұрын орындап шықты. Он айлық жоспардан тыс 30 автомашина, 164 мотор жөндеп шығарды.

Завод коллективі ауылшаруашылық машиналар мен тракторларға қосалқы бөлшектер өндіру ісіне ерекше мән беруде. Соның нәтижесінде быйылғы жылдың өткен он айы ішінде 171 мың сомның қосалқы бөлшектері жасалып, облысымыздың колхоз, совхоздарына және МТС-теріне жөнелтілді.

Өнеркәсіп өнімін молайту, оның сапасын жақсарту және өзіндік құнын кеміту

Осы заводта көп жылдар бойы қол үзбей еңбек етіп келе жатқан Григорий Неймин жолдас съезд күресінің еңбек вахтасына тұрып, смена сайын 1,5—2 норма орындап жүр. Ал өндіріс озаттары Анна Галугина, Василий Голубев және Алексей Семенов жолдастардың өндірісте қол жеткен табыстары да айтарлықтай. Бұлардың әрқайсысы сменалық тапсырманы 150—200 проценттен кем орындамайды.

Ш. ҚАЛЖАНСӨ.

Еңбек өрлеуі

Петропавл-Марьевка автомобиль жолын салып жатқан «Гладоретройдың» № 1 құрылыс басқармасының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері КПСС XX съезіне өндірістік лайықты тар тулар әзірлеуге ұйғарғанды. Сөйтіп олар жол бойында жер қауу, жолдың негізін салу және асфальт төсеу жұмыстарын шапшаң қарқымен жүргізіп, міндеттелген тапсырмаларды айда-айға асыра орындауға жетіліп жүр.

№ 2 жол-құрылыс ауданында еңбек ететін автогрейдеристер Иван Григорьевич Махлющенко, Александр Лукьянович Степанов жолдастар міндеттелген тапсырмаларын әрдайым 200 проценттен асыра орындайды.

КПСС XX съезі күресіндегі социали-

стік жарысқа қосылған жол құрылысының шоферлары да тамаша өндірістік табыстарға ие болып жүр. Мәселен, № 2 автоколонида еңбек ететін Иван Дарищев, Василий Бусыгин және Павел Кармазин жолдастар күндік тапсырманы 160—180 проценттен орындайды.

Жол құрылысшылары облыс орталығын тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан совхоздармен байланыстыратын асфальт төселген автомобиль жолын мерзімінен бұрын пайдалануға беру жолындағы социалистік жарысты өрістетуге түсуде.

Р. КИЛЬМАТОВ,

№ 1 құрылыс басқармасының өндіріс-техникалық бөлімінің бастығы.

Жасыратыны жоқ, Петропавл темір жол бөлімшесіндегі инженерлер мен техниктерге басшылық жасау, әсіресе жас инженерлерге және техниктерге қамқорлық, көмек көрсету өз дәрежесінде болмай келеді. Бөлімшенің техникалық бюросын басқаратын Марьясов жолдас өзінің жұмысын бүгінгі күннің талабына сай етіп жүргізбейді. Мұнда тілті инженер-техниктердің бірлескен жыйналыстарын өткізіп, онда толғағы жеткен мәселелерді шешу тілті ескерілмейді. Техникалық бюро өндіріске тепловоздар пайдаланыла бастағаннан кейін өзінің барлық жұмысын жаңа сатыға көтеруге тиісті еді. Бірақ бұл әлі болмай отыр.

Жол бөлімшесінің бас инженері Кошнев, техникалық бюроның бастығы Марьясов жолдастар бөлімшенің инженерлері мен техниктерін тәрбиелеуде және олардың өндіріс жұмыстарын меңгеруінде кездесіп отырған кемшіліктерді дереу жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгілеп жүзеге асыруға тиіс. Сөйтіп, транспорттың әрбір инженері мен техникінің өндірістегі ролін арттыра беруге жетісу керек.

Инженер Т. МҰХАМЕТРАҚЫМОВ.

Алдыңғы қатарлы сауыншылардың облыстық кеңесі

СУРЕТТЕ: кеңеске қатысқан Кониюхов ауданының біртоп озат сауыншылары. (Солдан оңға қарай А. Петухова («Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы), А. Новосельцева («Путь Ленина» колхозы), М. Карпенко (Куйбышев атындағы колхоз), Л. Вендель (Ленин атындағы колхоз), В. Вейднер (Мичурин атындағы колхоздың зоотехнигі) және Е. Пучкова («Путь Ленина» колхозы).

Суретті түсірген А. Розенштейн.



Газетімізде бұдан бұрын хабарланғандай, үстіміздегі жылғы 23—24 ноябрьде алдыңғы қатарлы сауыншылардың облыстық кеңесі болып өтті. Кеңесте облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов жолдас «1955 жылдың 10 айы ішінде сүтті мол сауу жөніндегі сауыншылардың социалистік жарысының қорытындылары және 1955-1956 жылдардың күзгі-қысқы маусымында сүт өндіру міндеттері туралы» баяндама жасады.

Озат сауыншылардың кеңесінде облысымыздың барлық сауыншыларын, мал өсірушілерін, МТС-тер мен колхоздардағы мал мамандарын мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырып, үндеу қабылданды.

Төменде жарыссөзге сөйлеген біртоп сауыншылар мен зоотехниктердің сөзін беріп отырмыз.



СУРЕТТЕ: кеңеске қатысқан Преснов ауданының біртоп озат сауыншылары. (Солдан оңға қарай Э. Врензе (Ленин атындағы колхоз), А. Лагуткина («Красный партизан» колхозы), Е. Юрасова («Красный партизан» колхозы), В. Самберт («Жизнь» колхозы), Қ. Ақпапбетов (Баян МТС-нің бас зоотехнигі), А. Шкодина («Жизнь» колхозының зоотехнигі), Н. Перфильева («Труд гурток» колхозының зоотехнигі) және А. Рожевская (Преснов атындағы колхоздың сауыншысы).

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Сауыншы Зубенко жолдастың сөзі

(Кониюхов ауданы, Молотов атындағы колхоз)

Біздің фермада 14 сауыншы жұмыс істейді. Олардың әрқайсысының қарамағына 12—13 сыйырдан бөлігіп берілген. Біз сыйырларды күту, сауу жөнінде бір-бірімізге жолдастық көмек көрсетіп отырамыз. Әсіресе фермаға жаңадан келген жас сауыншыларды тәрбиелеуге ерекше назар аударып жүрміз.

Мен быйыл өзіме бөлігіп берілген 12 сыйырдың әрқайсысынан 2 мың литр сүт саудым. Қарауымдағы ең сүтті «Зорька», «Лесна» деп аталатын сыйырлар 2300 литрден сүт берді. Олардың июль, август айларындағы тәуліктік сүт өнімділігі 20 литрге дейін барды.

Сыйырдың сүттілігін арттырудың басты шарты — оларды зоотехникалық-малдәрігерлік талаптарға сай күту. Мұны біз өз тәжірибемізден айқын көріп отырмыз. Өткен жазда сыйырларды шөбі шүйтін жайылымдықтарда күн-түні бірдей бағуды ұйымдастырдық. Жайылымдықтарды өріске бөліп пайдалану тәртібі мұқият сақталды. Ал мал қолға қарасымен құнарлы азық бердік. Өткен жылдары азық рационалына сүрлем өте аз болатын. Оның үстіне сұрауық сыйырға қыстың аяқ кезінде ғана берілді. Быйыл жүгері есебінен сүрлем әлдеқайда мол әзірленді.

Біздің фермадағы бір жемшілік: сыйырлардың тұқымын асыздандырудың өте баяулығы. Фермада асыл тұқымы емес елдегі сыйыр бар.

Сауыншы Скакун жолдастың сөзі

(Кониюхов ауданы, «Колос» колхозы)

Облыс колхоздары бойынша ондаған сауыншылар өздеріне бөлігіп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 2000 литрден 2525 литрге дейін сүт сауды, деді баяндамашы. Солардың бірі — мен.

Өзіме бөлігіп берілген 11 сыйырдың әрқайсысынан 2281 литр сүт саудым. Сүт өндіруді бұлайша арттыру сыры, меніңше, мынада: біздің фермада жас сыйырлар күндіз-түні бірдей жайылымда болды. Оның үстіне оларды малдәрігерлік қызылшамен, жүгері көкшесімен қолдан қосымша азықтандырып отырдық. Бұл сыйырлардың сүттілігін арттыруымызға мүмкіндік берген басты жағдайлардың бірі болды.

Екіншіден, мен зоотехникалық курста оқыдым. Мұнда сыйырды күту, азықтандыру және сауу жөніндегі ғылым табыстары мен озат тәжірибелерді үйренудемін, үйренгенімді өз ісіме қолдануға да зер салып жүрмін.

Сүтті мол алу үшін ерекше көңіл аударатын мәселе — сыйырды суалтуды дұрыс ұйымдастыру. Бұл үшін сауыншы өз қарауындағы әрбір сыйырдың қашан шарғылысқанын міндетті түрде білуі қажет.

Сауыншы Думанская жолдастың сөзі

(Совет ауданы, Каганович атындағы колхоз)

Біздің колхоз сүт өндіру жөніндегі мақсатымыз — оны өзіміздің қолымызбен өндіріп, өздерімізге қолдану. Біз біздің мал үшін өте аз.

Сөйтіп, сыйырдың бұзаулауына екі ай шамасы уақыт қалғанда, сүтті аз не көп беретіндігіне қарамастан, оны суалту керек. Сыйырды суалту дегеніміз — саууды кілт тоқтатып тастау емес. Мен күн сайын сауу санын бірте-бірте азайту және берілетін құнарлы азық мөлшерін кеміту арқылы әр сыйырды бір аптада, кейде одан да көбірек уақыт ішінде суалтамын.

Сыйыр бұзаулағаннан кейінгі сауыншының міндеті — оны азықтандыру, күту, сауу жұмыстарын зоотехникалық-малдәрігерлік талаптарға сай жүргізіп, сыйырдың сүттілігін арттыра беруді қамтамасыз ету болып табылады. Бұл міндетті мінсіз орындау жұмысқа ымынаған озат тәжірибелер мен ғылым табыстарын кеңінен қолдануды, творчестволықпен еңбек етуді талап етеді.

Мен сөзімнің басында өткен мал шаруашылығы жылында әрбір сыйырдан 2281 литр сүт саудым дедім. Бұл аз табыс емес. Бірақ, оған тоқтмай-ақ болмайды. Сондықтан 1956 жылы бұдан да жоғары көрсеткішке жетуге күш-жігерімді, қабілетімді аямай жұмсаймын.

Зоотехник Қажғалиев жолдастың сөзі

(Ленин ауданы, Аманкелді атындағы колхоз)

Аманкелді атындағы колхоз жалпы сүт өндіру жөнінде артта қалып келе жатқан колхоз еді. Мұнда 1954 жылы әрбір сыйырдан алынған сүт небары 700 литр ғана болды. Сол сыйырлардың өзнен 1955 жылы 1100 литрден сүт алдық. Сөйтіп әрбір сыйырдан бір жылдың ішінде 400 литр сүт өткен жылдағыдан артық алынды.

Біз сүт саууды арттыра беру үшін әлі де ізденудеміз. Өткен жылы ауданымыз озат сауыншысы Валентина Саюгина жолдаспен тәжірибе алысу жұмысы жүргізілді. Ол біздің сауыншыларға сыйырды сауу және күту жөніндегі өз тәжірибесін айтты. Сыйыр сауудың техникасын үйретті. Мұндай тәжірибе ауысу ісі игі нәтиже берді. Көзір колхоздың бірқатар сауыншылары 1700—1800 литрден сүт сауды. Мысалы, сауыншы Рақпанова жолдас өткен жылы қарауындағы әрбір сауын сыйырдан 1800 литр сүт сауды. Бұл сыяқты сүт сауу көрсеткішінің жоғарылауына сауыншылардың өз мамандығын жеті меңгеруімен бірге, сыйырларды сүрлеммен азықтандырудың, яғни азық рационалының жақсара түсуінің ерекше маңызы болғанын атап айтқан жөн. Быйыл біз әрбір сауын сыйырға жеке рацион белгілеміз.

Кой шаруашылығы жайында бірекі сөз. Бізде 1954 жылы әрбір қойдан орта есеппен 700 грамм ғана жүн қырқылды. Ал өткен, 1954

Сауыншы Дьяченко жолдастың сөзі

(Булаев ауданы, Калинин атындағы колхоз)

Осында, Коробов жолдастың баяндамасында, сауыншы — фермадағы басты тұлға, делінді. Өйткені ол бүкіл жыл бойында өзіне бөлігіп берілген сыйырларды күту, азықтандыру, сауу жұмыстарын әрі тынымсыз, әрі зоотехникалық талаптар дәрежесіне сай жүргізетін адам. Бірақ, колхоз және МТС басшылары мен мамандар тарапынан мал шаруашылығына деген ықпалытты қамқорлық болмаса, сауыншы өз міндетін ойдағыдай орындай алмайды.

Амал не, біз өз колхозымыздың басшылары тарапынан осы қамқорлықты көре алмай келеміз. Мал шаруашылығына наубастандылықпен қараушылық әлі де басым. Біз мал қораларын қысқы маусымға әзірлеу туралы колхоз басқармасының алдына талай рет мәселе қойдық. Бірақ, бұл дабылға ешкім күлақ аспады. Басшыларымыз бір ыңғай егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарымен шұғылданды. Қораларды жөндеуді кейінгі кезекке қалдыра берді.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп көрек ететін жұмыстарды механикаландыру мәселесі бізге сөз де болмайды. Колхозда бірде-бір стандартты, механикаландыруға болатын қора жоқ. Мұның бәрі мал

шаруашылығы өнімдерін арттыруға негізгі бөгет болып отыр.

Көзір күн қысқа. Таңертеңгі сағат 6-да қора іші қап-қараңғы болады. Ал сыйырды сауайық, суарайық, азықтандырайық, қораны тазартайық дөжек, фонарь жоқ. Сондықтан таңның атарып, қора ішіне сәулелі түсуін күтеміз. Ал көпке мал жайлауды күннің жарық кезінде көпкі сағат 6-7 кезінде аяқтауға мәжбүр боламыз. Бұл, әрине, мүлдем дұрыс емес.

Тағы бір қолайсыз жағдай — сауыншылардың жоспардан артық сауған сүтті үшін олардың еңбегіне қосымша ақы төлеу ай сайын жүргізілмейді. Мұның сауыншылардың еңбегіне деген ынталылығын кемітетіндігі сөзсіз қой.

Осында Коробов жолдас өз қателігін дұрыс ақ мойындады. Бірақ мойындау сөз күйінде қалып қойылмаса екен дейміз.

Мен, оның өзі, ол басқарған басқарма қызметкерлері, аудан басшылары колхозда жиі болып, мал өсірушілердің, фермалардың жағдайларымен жақындық танысуын және көшілдіктерді тез жоюға нақтылы көмек көрсетуін, мал шаруашылығына үнемі қамқорлық жасау жөнінде колхоз басшыларына көбірек қозғау салып отыруын тілеймін.

Зоотехник Шахметов жолдастың сөзі

(Булаев ауданы, «Победа» колхозы)

Партиямыз бен үкіметіміздің ауыл шаруашылығына, оның ішінде әсіресе мал шаруашылығына күнбе-күн көрсетіп отырған ежелік қамқорлығының нәтижесінде мал шаруашылығы барған сайын өркендеп, оның өнімділігі артып келеді. Біздің колхоздың мал өсірушілері ішкі резервтерді тиімді пайдалана отырып, соңғы үш жылдың ішінде мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда елеуір табыстарға ие болды. Мәселен, 1953 жылы әр сыйырдан 936 литр сүт алына, бұл көрсеткіш 1954 жылы 1496 литр, 1955 жылы 1629 литр болып көбейді.

Колхозшылар үстіміздегі қысқы маусымға жемшөптің мол қорын жасады. Біздегі дайындалған жемшөп қорында құнарлы азықтың үлес салмағы быйылғыдай көп болған емес. Мұның өзі сүт өнімділігін арттыра беруімізге мүмкіншілік береді. Мал фермаларын қажетті мал өсірушілермен толықтыру жөнінде де елеуір жұмыстар істелді. Әрбір фермада шөпті, тағы басқа жемазықтарды қораларға ежелік беретін адамдар бар. Бұл сауыншылардың еңбегін елеуір жеңілдетіп және олардың сүт өнімділігін арттыра түсуіне қолайлы жағдай жасап отыр.

Быйыл колхозымыздағы сүтті көп сауған сауыншыларға 5 мың литрден астам сүт қосымша ақы ретінде берілді. Қосымша ақыға сүт алғандар өздерінің қалауы бойынша ол сүтті мемлекеттік дайындау пунктіне өткізді. Олар өткізген сүт

Сауыншы Жайлаубаева жолдастың сөзі

(Октябрь ауданы, «Интернационал» колхозы)

Мен бұл жолдастың сөзіне 14 жыл

йырларына карағанда сүтті кем беріп жүр. Егер сыйыр тұқымын жақсарту неғұрлым тездетіледі, бұл сүт өндіруді арттыра түсуге және жаңа бір қадам болар еді.

Осында, сөйлеген сауыншылар алдағы жылға міндеттеме алып жатыр. Олардың қай-қайсысы болсын келесі жылдың міндеттемесіне былайшы көрсеткіштерінен едәуір зорлық цифрларды атады. Бұл өте құнарлы іс. Мен өз фермадағы мүмкіншіліктері жаңа-жаңа салмақтай келіп, 1956 жылғы әрбір сыйырдан 2500 литр сүт саууды ұйғардым. Бұл міндеттемені аяраймен орынтайтындығыма сіздерді бердік сендіремін.

не болып отыр. Мен өткен мал шаруашылық жылында 1954 жылға карағанда әрбір сауын сыйырдан 800 литр сүтті артық саудым. Жылы бойына әрбір сауын сыйырдан сауылған сүт 2007 килограмм болды. Үстіміздегі жылы да бұл көрсеткіштің өсе түсуіне толық жағдай бар. Колхозда әрбір сауын сыйыра орта есеппен жемшөптен басқа 5 тоннадан сүрлем дайындалды.

Осы сыяқты табыстармен қатар, колхоздың мал шаруашылығын ортаңдетуде елеулі қыйыншылыққа кездесіп отырғанын айтпай кетуге болмайды. Ол — жайылымдық жердің тапшылығы. Бізде жайылым-

Сондықтан жаз уақытында көбіне мал базқа колхоздың өздері пайдаланбай тастаған құнарсыз жерлеріне бағылады. Шөп те көршілес колхоздардың пайдасыз деп талқан жерлеріне шабылып жүр.

Айта кетейіні, колхозда бақташылар мен мал күтушілер тұрақтандырылмай келеді. Мұның барлығы малды күтуге, сыйырдан сүтті мол алуға жері әсерін тигізетін жағдай. Солай бола тұрса да, осы сыяқты қыйыншылықтарды жеңе отырып, үстіміздегі мал шаруашылық жылында карауымдағы әрбір сыйырдан орта есеппен 2300 литр сүт саууға міндеттенемін.

қойдан қырқылған жүн мөлшері 1,6 килограммға жетті. Әрбір қойдан алынатын жүн мөлшерін бұдан да арттырып, қой шаруашылығын табысты салға айналыруға әбден болады. Бұл үшін қойлардың тұқымын асыздандыру ісін мықтап қолға алу керек. Ама! не, біздің колхозға жіберілген асыл тұқымды қопқарлардың сапасы өте нашар. Өткен жылы алынған бес қопқар тіпті элита класына жатқызылған. Ал шынында, бұлар жүнді аз беретін ешбір элиталық қасиеті жоқ, төменгі клас тағы қопқарлар. Алдағы уақытта бұл сыяқты мал сапасын асыра бағалап, колхоздарды залалға қалдыруға жол берілмеске керек.

мә бес жылға жуық уақыт өтті. Содан бері өзіме бекітіліп берілген сыйырлардың сүттілігін жыл сайын арттырып келемін. Өткен жылы әрбір сыйырдан сүт алу жоспарын толық орындадым. Ал 1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 октябріне дейін жоспар бойынша 1370 литрдің орнына, әрбір сыйырдан 1520 литр сүт сауылды.

Бірақ бұл тектәп емес. Сыйырдың сүттілігін әлі де арттыра беруге болады. Алайда, біздің колхоздың басшылары сүт өнімділігін арттырудың қолда бар мүмкіншіліктерін тиімді пайдаланбай жүр. Бұған мынадай мысал келтіруге болады. Мал қорда күтіле бастағалы

грамм шөп, 5 килограмм сабан беріп жүрміз. Бұл өте аз. Сондықтан сүттің мөлшері де күрт кеміді. Әр сыйырдан күн сайын алынатын сүт 1,5—2 литрден аспайды.

Колхозда 1400 центнердей сүрлем бар. Бұл азық осы уақытқа дейін пайдаланылмай жатыр. Алдағы жылы мен әрбір сыйырдан кемінде 1600 литр сүт алуға міндеттеме алып отырмын. Мұны аяраймен орындау сыйырларды көзге маусымда азықтандыру ісін жақсартуды талап ететіні сөзсіз. Сондықтан малды қыста азықтандыруды қамтамасыз ететін шараларды белгілеу керек-ақ.

есеппен үй тұрмысына қажетті заттар, әсіресе қысқы жылы киімдер мен аяқкиімдер алғысы келеді. Бірақ мал өсірушілер осы уақытқа дейін сол қажеттерін ала алған жоқ. Бұған ең алдымен Булаев ауылдық тұтынушылар одағы кінәлі. Өйткені ондағы сауда жұмысының қызметкерлері колхозшылардың мемлекетке тапсырған ауыл шаруашылығы өнімдері үшін жергілікті дүкендерге қажетті заттар жіберуді ескермей келеді. Сондықтан, мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы осы кемшіліктерді жоюға, сөйтіп колхозшылардың көпшілік қолды товарлармен қамтамасыз етілуіне ықпал жасауын тілеймін.

САУЫНШЫ—ФЕРМАДАҒЫ БАСТЫ ТҮЛҒА

Жолдастар! Еліміздің ауыл шаруашылығы бүгін дүние жүзіндегі бірден-бір механикаландырылған ірі ауылшаруашылығы болып саналады. Көзір ауылшаруашылық жұмыстарының барлығы дерлік техника күшімен атқарылады. Сөйтіп, колхозшы шаруаларымыздың жұмысында көп жеңілдік туып отыр.

Міне, осы негізде колхоздарымыздың шаруашылығы дамып түсуде және нығаянда, ауыл шаруашылығының өңімі және оның товарлығы өсуде. Мұнымен бірге колхозшылардың да ақшалай және заттай өмірі молай түсіп отыр.

Бірақ, біз ауыл шаруашылығының көп мүмкіншіліктері мен резервтерін әлі сарқылмай пайдалана алмай жүрміз. Әсіресе, мал шаруашылығының өңімі төмен болып келеді, маласығындық дақылдар егу өрістетілмей отыр. Ал бұл жағдайда халықтың мал шаруашылығы өнімдері, әсіресе, сүт өнімдері жөніндегі қажетін толық орындау мүлдем мүмкін емес. Осы көзастің шақырылуы да осыдан, оның мақсаты — сүт өндіру жөнінде кездесіп отырған кемшіліктер мен қыйыншылықтарды ортаға салып, оларды тез арада жою шараларын әңгімелеу болып отыр.

Мұның жөнісі мынада: алдың-ала белгіленген жоспарлар мен шараларға сәйкес, облыс колхоздарында былай 572778 центнер сүт өндіріліп, мұның 254 мың центнері мемлекетке тапсырылуға, 12 мың центнері МТС жұмыстары үшін заттай ақы есебіне өткізілген және 32 мың центнері мемлекетке сатылуға тиіс еді. Осыдан үстіміздегі жылдың 1 ноябріне дейін мемлекетке сүт тапсыру жоспарының орындалуы 86 проценттен аздап қана асты. Мемлекетке сүт өткен жылдағыдан барлығы 30379 центнер кем тапсырылды.

Мемлекетке сүт тапсыруды, әсіресе, Ленин, Октябрь, Совет, Приешім және Преснов аудандарының колхоздары кідіртін отыр. Бұлар жұмысты сүт тапсыру жоспарын анағұрлым артық орындаған Пе-

(Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы В. КОРОВОВ жолдастың баяндамасынан)

тропавл, Соколов, Полудин, Конохов және Булаев аудандарындағыдай ұйымдас-тыра алмады. Сөйтіп, артта қалған аудандардың қырығынан, облысымызда жалпы алғанда әрбір колхоз мал шаруашылығынан түсетін табысты 80 мың сом кем алды.

Мұның жөнісі неде? Әлде облыста сауын сыйыр саны аз ба? Жоқ. Сауын сыйыр саны өсіп келеді. Бірақ, сауылған сүт мөлшері мүлдем аз. Мәселен, былай әрбір сыйырдан сүт өткен жылдағыдан 24 литр, ал 1951 жылдағыдан 88 литр кем алын-ып отыр. Приешім ауданының колхоздарында әрбір сыйырдан сүт өткен жылдағыдан 104 литр, ал 1951 жылдағыдан 394 литр кем алынды. Бұл жерде колхоздарда сауын сыйырлардың құнарлығын арттыру жолындағы күрестің әлі сыйыр өкпендігін мойындай кетуі керек.

Жолдастар! Рас, облысымыздың колхоздары сүт өндірісін молайтуда үздік табыстарға жеткен өзат сауыншыларсыз емес. Ал ондай өзат сауыншылары бар колхоздар көрсеткіш табыстарға не болып та отыр. Мәселен, Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозы өткен он ай ішінде әрбір сауын сыйырдан 1925 литрден, Совет ауданының Сталин атындағы колхозы 1917 литрден, осы ауданының Каганович атындағы колхозы 1822 литрден сүт сауды. Ал МТС-терге келетін болсақ, Суворов МТС-і бойынша колхоз фермаларының әрбір сауын сыйырдан алған сүті 1480 литрге жетті.

Жуырда облыстық Совет атқоопінің қарары бойынша облыс колхоздарының 124 сауыншысына «Облыстық таңдаулы сауыншылары» деген атақ берілді. Олардың ішінде В. Салотина (Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозынан), Е. Юрасова (Преснов ауданындағы «Красный

партизан» колхозынан), А. Чижевская (Совет ауданының Сталин атындағы колхозынан), З. Окаун (Конохов ауданындағы «Волос» колхозынан), тағы басқа жолдастар бар. Күрметті атақ алған сауыншылардың көпшілігі әрбір сауын сыйырдан алынған сүт мөлшерін 2 мың литрден асырып түсірді. Егер облыстық барлық сауыншылары осындай көрсеткішке жеткен болса, онда облыс бойынша бұрлық өндірілген сүт 793327 литр болар еді де, бұл қабылданған міндеттемеде 220599 центнер асып түсер еді. Сондай-ақ облыс колхоздары мемлекетке қосымша 473734 центнер сүт тапсырып, 56848 мың сом пайда табар еді.

Міне, сүт өндіруді арттыруды және колхоздардың ақшалай табысын молайтудың осындай мүмкіншіліктері бар. Олай болса, колхоздарда әрбір сыйырдан сауылған сүт мөлшерінің орта көрсеткіші негізден шамалы?

Бұл жерде малдарды, әсіресе, сауын сыйырларды бағудың, азықтандырудың жайына тоқтала кетуіміз керек, әсіресе қыс маусымында малды күту ісін қалайша ұйымдастырылуы қажеттігін, ал бұл жұмыстың кейбір шаруашылықтардағы қыстың алғашқы күндеріндегі нәтижелерін еңгімелеуіміз қажет.

Егер қысты күні өзінің тірідей салмағының 20-30 килограммын жоғалтса, онда әрбір сыйыр әдеттегіден 200-300 литр сүтті кем береді. Сондықтан бұл жағдайға жол бермес үшін қысты күні сауын сыйырлардың жүдеп-жадауының етек алмауына жеткізіміз керек. Бірақ былайғы қыс маусымының алғашқы күндерінде бірешыра шаруашылықтардың басшылары бұл істі шындап қолға алмады. Сөйтіп, малдың қоны төмендеуі және сүт өндірісінің қыс айларында да ұлғайтылуы күресін ұйымдастыра білмеді.

Мысалға, Приешім ауданының Сталин атындағы колхозын алайық. Бұл колхозда соңғы бір айта бойы сауын сыйырларға төс қана сабан берілді, мұның өзінде де

сабанды буландыру, не нәрлендіру ешкімнің ойына кіріп те шықпады. Бұл шаруашылықта сыйырларға құнарлы азық беру октябрь айында да ұйымдастырылмаған болатын. Осының салдарынан октябрь айында колхоз бойынша сүт бұрынғы мөлшерінен екі есе кем сауылды. Сентябрь айында әрбір сауын сыйырдан 140 литрден сүт сауған сауыншы Ульяна Булевниқ жолдастың октябрь айында сауған сүті 56 литрге зорға жетті. Осы ауданның Куйбышев атындағы колхозында да осындай жағдайға жол берілді. Ал Ленин ауданындағы «Трошичка Ильича» колхозында 17 ноябрь күні 10 сыйырдан сауылған сүттің мөлшері әрбір сыйыраға бір-бір литрден ғана келді. Мұндай мысалдар Конохов, Приешім және Ленин аудандарында көп саяқ емес.

Виділі жерде сүт өндірісінегізгі бұл оқпалыққа төзіп болмайды. Сыйырлардан сүтті жылдың қай уақытында болса да мол сауа білуіміз керек. Ол үшін сауын сыйырларды бағуды, күтуді, сол сыяқты азықтандыруды негізінен жақсартуымыз керек. Ал бұған облыстың қай шаруашылығының болса да жағдайы келеді. Қазір колхоздардың қоғамдық малға арнаған 231627 тонна шөбі, 91025 тонна сабаны, 131184 тонна сұразығы бар. Егер бұл жемшөпті азықтық өлшемге айналдыратын болсақ, онда әрбір сауын сыйыра оларды қолда баққанда 11,2 центнер жемшөп бірлігі келеді. Былай колхоздарда тұнғыш рет сұразық мол өзірленді, бұл азықтың мөлшері өткен жылдағыдан үш еседей асып түсті.

Міне, жолдастар, облыстың колхоздарындағы жемшөп жайы осындай. Ал мұның өзі малдарға, әсіресе, сауын сыйырларға қыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ жемшөпті мол беруге, сөйтіп, әрбір сыйырдан сауылатын сүт мөлшерін арттыра түсуге әбден болады деген сөз. Алайда, жүргізілген тексерісте Ленин, Конохов және Мамлот аудандары колхоздарының сауын сыйырларға сұразық беруге әлі жірсіпей отырғандығы анықталды. Конохов ауданының Мичурин атындағы колхозында әрбір сауын сыйыра

арналып 22 тонна сүрлем өзірленді. Осылай бола тұрса да, колхоз сыйырларға сұразық беруге өте кеш кірісті. Ал октябрь және ноябрь айларында колхозда алынған сүт мөлшері кеміп кетті. Тек МТС және аудан мал шаруашылығы мамандарының араласуы арқасында ғана, мұнда сыйырларға тәулігіне 20 килограмдай сұразық беріле бастады.

Бізге қыс айларында түннің ұзақ болатындығы мәлім. Ал фермаларда жұмыс негізінен күндіз атқарылып жүр, ол таңертеңгі сағат 8-ден басталады да, кешкі сағат 5-6-ға дейін созылады. Бұл ұлқыттың ішінде малдар 2-3 рет азықтандырылған және екі рет суарылған болады. Бұл жұмыстарға барлығы 9-10 сағат кетеді. Қалған 14 сағат бойына малдардың жай-күйімен ешкім шұғылданбайды. Колхоз басшылары мен зоотехниктер бұл жағдайды әдеттегі іс және оған тосуге болады деп санап жүр. Ал сіздер, сауыншы жолдастар, бұл жағдайға тозбеске тиіссіздер. Фермаларда жұмыс күнінің қатаң төртбі жасалуына жетісу, ол төртінгі жөнінде орындау, сауын малдарды азықтандырудың және суарудың дүркін-дүркін ұйымдастырылуын талап етіп, малдың берілген азықты құштарлана жөуіне қажетті жағдайлар жасауға ара-лықсу — сіздердің өздеріңізге тән іс.

Сүт өндірісін ұлғайту жөнінде сөз болғанда мына бір жағдайды ескеру керек: көп жерлерде сауын сыйырлар уақытсыз суандырылады. Өйткені, сыйырларды қысты күні сауудың кейбір қыйыншылықтарын жеңу жөнінде жеткілікті күрес жүргізілмейді. Мәселен, Ленин ауданының «Трошичка Ильича» колхозында 169 сыйырдан 35 сыйыр суалтылып жіберілген. Мұндай жағдаймен де сауыншылардың сыйыспауы қажет. Өйткені, сіздер әрбір сауын сыйырдан сүтті неғұрлым көп алуға мүдделісіздер ғой. Сондай-ақ, сыйырды ерте суалтудың колхоз экономикасына да кері әсер ететіндігін сіздердің ұмытуларыңызға болмайды. Осы келесте бұл мәселе жөнінде сіздер кең пікір айтады ғой деп сенуге әбден болады.

Сіздер, сауыншылар — мал фермала-

рындағы басты тұлғасыңдар. Өйткені елімізге сүт өнімдерін барған сайын еселеп мол беру сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан да соңғы кезде «Сауыншылық — күрметті жұмыс» деген пікір кең таралып жүр. Ал сіздердің осы дәрежеде болу жолына күш жұмсауларыңыз керек.

Мен мына жағдайды ескерте кетуді борышым деп санаймын. Бізде қай кезде болса да тракторшыларға, комбайншыларға, ағаш шеберлері мен ұсталарға көп көңіл бөлінеді, олар жөнінде газеттерде, радио арқылы әңгімелер болып жатады. Күрмет тақталары мен көрсеткіш тақталарына бұлар жиі жазылады. Бұл жерде мен тракторшыларға, комбайншылар мен басқа да қызметкерлерге бұл жұмыстар артық деп отырғанын жоқ. Мәселе мынада: біз көп реттерде сауыншыларға аса көңіл беле қоймаймыз, олардың жұмысына жеңіл-желпі қараймыз, алдыңғы қатарлы сауыншыларды ынталандырып, олардың игілікті жұмыс әдістерін жұртшылық игілігіне айналыту, сауыншылардың мәдени және тұрмыстық мұқтаждарымен санасып отыру сыяқты маңызды мәселелерін сырақ жүрміз. Меніңше бүгінгі келесте сауыншылар бізді осынымыз үшін қатты да орынды сілкілеп алуға тиіс.

Әрине, қателікті мойындау, жұртшылық алдында қызараңдау қыйын-ақ. Алайда, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы ретінде маған осылай етуге тура келіп отыр. Рас, менің МТС-терде, трактор бригадаларында болатындығым, жұмысшылар арасында әңгімелер өткізіп, олармен пікір алысатын уақыттарым болып тұрады. Бірақ осы облысқа келген екі жыл бойына мен сауыншылар арасына барып көргенім жоқ, бірте-бірте сауыншының бет-жүзін білмеймін. Ал олардың да мені білмеуі әбден орынды.

Жолдастар! Сіздер сүт-товарлы фермаларындағы басты тұлғасыңдар. Өздеріңіздің осы дәрежеде болуларыңызды, сөйтіп 1956 жылы елімізге сүт өнімдерін еселеп мол беруге келеді үлес қосуларыңызды тілеймін.

Поляк халқының ұлы ақыны

Поляк халқының ұлы ақыны, славян поэзиясының данышпаны Адам Мицкевичтің қайтыс болғанына 100 жыл толды. «Бір өзіне дүниежүзілік маңызы бар ақынды, оның үстіне революцияшы ақынды сыйғыза білген ондай адамдар тіпті өте сирек кездеседі,—деп жазған еді ол туралы А. Луначарский. —Бұл мазмұнда тек Байрон туралы, Петефи туралы, Гейне туралы және күрес пен прогрестің тағы да бір-екі жыршыларын айтуға болады».

(Адам Мицкевичтің қайтыс болғанына 100 жыл толуына)

фармалары негізінен жалған классикалық әдебиеттің бағытында болды. Дегенмен ол шығармаларда жас студенттің өзіндік ақындық таланты бар екендігі айқын білінді.

1819—1823 жылдар Мицкевичтің өміріндегі ішкі күйзелушілікке түскен жыл-



Шынында да Адам Мицкевич өз халқының ұлы ақыны, өз ғасырының демократиялық талабы мен прогресшіл ойының данышпан жаршысы еді. Ол өзінің бір бойына әрі ұлы ақынның талантын, әрі қажымас күрескердің қайратын сіңіре білген адам болатын. Әрі терең мазмұнды, үндеулі жыр, әрі қажымас күрескер мен ел бақытын ойлаушы жосем енегесі бір өзінің бойынан табылған оның өсімі бұл күндері тек поляк халқының ғана емес, бүкіл прогресшіл адамзат баласының мақтанышына айналып отыр.

Пролетариат әдебиетінің негізін салушы Максим Горький өзінің бір сөзінде Адам Мицкевичтің атын орыс халқының аса ұлы мақтанышы, Россияның рухани күшінің нағыз толық бейнесі болған данышпан Пушкиннің атымен қатар қойған еді. Ол Пушкин, Шевченко және Мицкевич сыяқты адамдарды халық рухын аса қуатты және толық күшпен, әрі көркемдікпен бойларына сіңіре білген өнегелі ұлдар деп бағалағанды.

Шын мәнінде Адам Мицкевич, орыстың Пушкин мен қазақтың Абайы сыяқты, өз халқының тарихына өшпес із, ескірімес мұра қалдырған ұлы адам болды. Славян халқының екі ұлы ақыны Пушкин мен Мицкевичтің творчестволық еңбек дәрежелері де, өмірлері күрес жолдары да өте ұқсас болды. Екеуі де өздерінің шығармаларында сол ғасырдың алдыңғы қатарлы идеяларын, бостандық сүйгіш мүдделері мен ойларды жыр етті. Екеуі де самодержавиялық режимге қарсы бас көтергіш күрес жүргізді және ең ақырында екеуі де осы режимнің құрбандығы болды. Әрі не, бұл дүниежүзілік поэзияның екі алыбының творчестволық еңбектерінде өзіндік ерекшеліктер болмай қалған жоқ. Бірақ оларды ортақтастырған жағдай және мақсат—өз халықтарының сол кездегі аса ауыр тұрмысын жеңілдетіп, жарқын болашақ үшін күрес жүргізу болды.

Адам Мицкевич 1798 жылы 24 декабрьде, ұлы Пушкиннен бес ай бұрын туы. Бұл кезең поляк халқының тарихындағы аса бір ауыр шақ еді. 1794 жылы Талеуш Костюшконың басшылығы-

Мицкевич тек қана ұлы ақын болып қойған жоқ. Ол сонымен қатар өз елінің жарқын болашағы, бостандығы үшін қағажымай күрескен жалынды патриот болды. Шынығында да оның өмірі бүкіл Польшаның ұлттық және рухани тарихымен түгелдей байланысты. Ол поляк халқының патриоттық сезімдерін ұштады, бостандыққа деген сүйіспеншіліктерін арттырды, езушілік пен қанаушылыққа деген өшпенділіктерін өршітті.

Мәселен, оның революцияшы поэзиясы 1830—1831 жылдарда болған поляк халқының орыс самодержавиясына қарсы көтерілісінде ұран ретінде қолданы. Ал оның өлмес «Жастық жайындағы одасы» атты өлеңінің сөздері кезір поляк жастары Одағы Уставының эпитафия ретінде алынып отыр.

Өз халқының бақыты үшін күрескен жалынды ұлы ақынды патша өкіметі зор қудалаушылыққа ұшыратты. Өйткені патша жөндөггері поляк халқы өз езушілігінде ұстауды мақсат етіп, прогресшіл идеяны жақтаушылардың бәрін аяуыз жазара ұшыратқан болатын. Оның патша жөндөггері тарапынан бірінші көрген соққысы 1823 жылдан басталды. Бұл жылы ол өзінің патриоттық және ұлттық қозғалысқа бөлсеңе қатысқандығы үшін қамауға алынды. Бұл қамаудан ол тек 1824 жылдың көктемінде ғана босады.

Будан кейін Мицкевич Россияға келді. Ұлы ақынның Россияда болған кезеңі оның творчестволық қызметі үшін шешуші маңыз атқарды. Декабристермен жақын қарым-қатынаста болу, орыстың алдыңғы қатарлы әдебиет қайраткерлерімен достасу оны идеялық жағынан байытты. Мәселен, осы кезде жазылған шығармаларында оның творчестволық зор биікке көтерілгендігі айқын көрінеді. Ал ақынның досы Одынец өзінің ақын Козловпен өңгімесінде Мицкевич Россиядан ұлы ақын болып қайтты деп атап көрсетті.

Россияның алдыңғы қатарлы адамдары үшін Мицкевич әрқашан да өз халқының ұлы ақыны, өз ғасырының прогресшіл идеясының жаршысы ретінде танылды. Ұлы революционер-демократ Герцен Мицкевичтің саяси ролі туралы аса жоғары пікірде болды. Әрине, ол бірқатар идеялық мәселелер жөнінде Мицкевичпен келіспеді. Бірақ 1844 жылы Мицкевичтің славян әдебиеті туралы оқыған лекциясы жайында «мұнда аса зор көркемдік, аса зор данышпандық» бар деп жазды.

Ұлы Белинский поляк халқының данышпан ақынын аса жоғары бағалап, оның атын Пушкин мен Гогольдің, Гете мен Байронның аттарымен қатар атаған еді. Ал Чернышевский оның «Пан Та-

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖУРТШЫЛЫҒЫ ЖАПОН ӨКІМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫТАЙ ЭМИГРАНТТАҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІН АЙЫПТАУДА

ПЕКИН, 23 ноябрь. (ТАСС). Қытай Халық Республикасының жұртшылығы туған отанына қайтып келуге тілек білдірген 130-дан аса қытай эмигранттары ноябрьдің бас кезінде Тайваньға күшпен жөнелтілген, сонымен қатар басқа да Қытай эмигранттарын заңсыз тұтқына алып, ұстап отырған жапон өкімет орындарының әрекеттеріне қатты ызалануда.

«Жэньминьжибао» газетінде жарияланған мақалада былай делінген: жапон өкімет орындарының ешбір дәлелсіз бұл әрекеттері Қытай-жапон қатынастарын онан әрі дамытуда кедергі келтіру әрекеті болып табылады.

Жапониядағы қытай эмигранттары жөніндегі жазалау шаралары, деп жазған газет, бүкіл қытай халқының күшті ашу-ласасын тудыруда. Жапон өкімет орындары заңсыз тұтқындалған қытай эмигранттарын дереу босатуға және олардың басқа қытай эмигранттарымен бірге туған отанына қайтып келуіне мүмкіндік беруге тиіс.

ЖАПОНИЯДА ЖАҢА ҮКІМЕТ ҚҰРЫЛУЫ

ПЕКИН, 22 ноябрь. (ТАСС). Токио радиосының хабарына қарағанда, жапон парламентінің бүгін ашылған төтенше сессиясында жуырта құрылған Жапонияның либералдық-демократиялық партиясының председателі Ичиро Хатояма қайтадан Жапонияның премьер-министрі болып сайланған.

Бүгінгі күннің өзінде премьер-министр Хатояма жаңа үкімет құрған. Оған бұрынғы демократиялық партияның 10 өкілі, бүгінгі либералдық партияның жеті өкілі кірген.

ПЕКИН, 22 ноябрь. (ТАСС). Токио радиосының хабарына қарағанда, Жапония социалистік партиясының председателі Сузуки бүгін Хатояманың үшінші кабинеті құрылуына байланысты мәлімдеме жасаған. Ол Хатояманың үшінші кабинеті өзінің құрамы жағынан алғанда бұрынғылардан да реакцияшыл деп көрсеткен. Бұл кабинеттің жариялаған саясаты, деген ол, бұрынғы либералдық партияның саясатын еске түсіреді.

МАРОККОДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 22 ноябрь. (ТАСС). Сұлтан Бен Юсөф Мароккоға қайтып келгеннен кейін, бұл елдегі жағдай бұрынғыша шиеленіскен қалпында қалып отыр. Бүгін Касабланкада елеулі қобалжу болды. Қалалық дүрмедегі саяси тұтқындардың өздерін босатуды талап етіп, 19 ноябрьде көтеріліс жасауына байланысты, оларға жазалау шаралары қолданылуына қарсы наразылық ретінде Касабланкадағы араб жұрты бүгін жашпай өреуіл жариялады. Париждағы кешкі газеттердің хабарына

Индия баспасөзі Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индияда болуы жайында

ДЕЛИ, 24 ноябрь. (ТАСС). Барлық газеттер Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Бхакра —Наггал гидроэнергетикалық комплекс құрылысында болуы туралы хабарлайды және олардың ағрыз-менттегі сөйлеген сөздеріне түсінік береді.

«Хиндустан сандарк» газеті өзінің басмақаласында Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің парламенттегі сөздері жақсы қабылданғандығын атап көрсете келіп, халықаралық жағдай егер бір-біріне ұқсамайтын Индия мен Совет Одағы сыяқты екі ел бейбіт қатар өмір сүру принципін қатаң ұстайтын болса, онда бейбітшіліктің пайдасына қарай жақсаратын деп баса айтуда.

«Индиян экспресс» газеті өзінің басмақаласында былай деп жазады: «Индия халқы совет басшыларының біздің еліміздің өмірін түсінуге баса назар аударуын сұттықтайды және екі халық арасында өзара құрмет негізінде берік достық орнатуға болмады деп есептейді».

Маршал Булганин өзінің 21 ноябрьтегі парламенттегі сөзінде өзінің бостандығын нығайтуға ұмтылып отырған және жалпы мақсат —халықтар үшін «бейбіт еңбек пен бейбіт өмірдің қуанышын» қамтамасыз етуге ықпал жасап отырған Индияның табыстарына шын жүректен тілектестік білдіретінін және оны толық түсінетінін мәлімдеді.

«Стейтсмен» газеті Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индия парламентін-

дегі сөйлеген сөзін «аса көрнекті оқығанда» деп сыйпаттауда. Н. С. Хрущевтің «біз бір-бірімізді неғұрлым жақсы білген сайын және бір-бірімізге көмектескен сайын, біздің достығымыз да соншалықты нығая береді» деген сөзін мысалға ала келіп, газет былай деп жазады: Индия мен Россия үшін бұл сыяқты байланыстарды орнатуға толық мүмкіндік бар, өйткені, осы сапарда бірнеше рет атал көрсетілгеніндей, екі халықтың арасында ешқандай қайшылық болып көрсен жоқ. Оның үстіне екі халық экономикалық реконструкцияны кед көлемде жүргізу жолында жұмыс жүргізуде, ал бұл жұмысты аяқтау үшін бейбітшілік —нағыз қажетті іс».

«Индия мен Россияның тығыз достық байланысы барлығы, —деп атап көрсетеді газет,—көзір орыс мемлекетінің аса көрнекті екі қайраткерлерінің біздің елде болуының өзінен айқын көрініп отыр».

Индияның халықтың тұрмыстық дәрежесін көтеруге бағытталып отырған талабына тілектестік білдіре отырып, орыс халқы экономика және ғылыми жадалықтар саласында өз тәжірибесін ортаға салуға дайын отырғандықтарын тағы да мәлімдеді және көзгігі ынтымақтастықты осыған сәйкес онан әрі кедейтуге тілектестік білдірді. Ғылыми жадалықтардың бұл ғасырында бұл сыяқты қатынас байланысты нығайтатын күш болып табылады, сонымен қатар ізгі ниетті адамдарда бақытты болашаққа деген сенімі турғызды».

БҰҰ Бас Ассамблеясының X сессиясы

БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі комиссиясының мәжлісі

НЬЮ-ЙОРК, 24 ноябрь. (ТАСС). Кеше Совет Одағының өкілі А. А. Соболевтің председателдік етуімен БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі комиссиясының мәжлісі болды. Комиссия өзінің көмекші комитетінің баяндамасын талқылау үшін жәрме оның БҰҰ Бас Ассамблеясы мен Хаули-сиджі Советіне өзі тапсыратын баяндаманы дайындау үшін шақырылды.

Комиссияда Франция өкілі Жюль Мок өз сөйледі. Ол қарусыздану мәселесі жөніндегі француз үкіметінің позициясын мәлімдеді, ал бұл позиция француз сыртқы істер министрінің Женева кездесінде жасаған мәлімдемесінен белгілі болатын.

Ж. Мок өзінің сөзінде көмекші комитеттегі АҚШ делегациясы қарусыздану жөніндегі бұрын өзі көмекші комитетке ұсынған ұсыныстарындағы позициясын қайта қарап шықты деп атап көрсетті. Бұрын мәлім болғанындай, көмекші коми-

салу жөнінде бақылау қою ісінде «техникалық қыйыншылықтар» бар дегенге сүйене келіп, атом қаруына кезіргі уақытта тыйым салуға мүмкіндік жоқ деп дәлелдеуге тырысты. Ол сонымен қатар Совет Одағының ұлы державалар атом қаруын бірінші болып қолданбауға өздеріне міндеттеме алын деген ұсынысымен келісе алмайтындығын мәлімдеді.

Ж. Мок былай деп мәлімдеді: оның ойынша, қарусыздану проблемасын шешу жолын келісімшарттық әдіспен, яғни, оның айтуына қарағанда, Совет Одағы, Франция, Англия және АҚШ ұсыныстарын «синтездеу» әдіспен шешу керек. Мок өзінің сөзінде «синтез» деп аталатынның жоспарын жалпы тұрғыда айтып берді, оның сөзіне қарағанда, бұл шара ең алдымен қалып ала дайындалу стадиясын» қамтыйды, бұған территорияларда аэрофото түсіру және өзгери информа-

мен болған халық-азаттық қозғалысы қатан жаңыштанған болатын. Польша үшінші рет бөлшек түскеннен соң өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жоғалтып, шетелдіктердің езгісіне тапталып жатқанды.

Бұл сыяқты аса ауыр хал болашақ ұлы ақынның жастық шағына әсер етпей қойған жоқ. Ал 1812 жылы Наполеон әскерлерінің Польшаға басып кіруі жас Мицкевичтің алғашқы кезде қуанышын туғызды. Өйткені поляк шляхталары, оның ішінде ақынның әжесі Николай Мицкевич те, Наполеон Польшаның тәуелсіздігін қалпына келтіреді деп сенген болатын. Бұл сенім жас Мицкевичтің де бойына сіңген еді. Шетелдік басқыншылардың салтанатты түрде Россияға аттанғанымен одан тас-талқан болып жеңіле қашқанын көрген ол кейіннен өзінің бұл сенімінің мүлдем қате екеніне көзі жетті.

Мицкевичтің бірінші ақындық шығармалары оның мектепте оқып жүрген кезінде басталады. Бірақ бұл кездегі оның шығармалары негізінен ұсақ тақырыптарға және әлеуметтік маңызы зор емес мәселелерге арналған еді.

1815 жылы Вильно университетінің физика-математика факультетіне түскеннен соң жас ақын студенттер арасындағы прогресшіл пийғылдыларға қосылды. Бұл кезде поляк халқы жаңа шайқастар үшін өзінің күштерін жыйнақтай бастаған болатын. Ал бұл қуаттанушылық студенттер арасынан да кең қолдау тапты. Мицкевич тобына кірген студенттердің қатарына кейіннен революциялық бағыттағы пікірлермен және күресермен таңылған Зан, Малевский, Ежовский сыяқты адамдар болды. 1817 жылы бұл топ «Ғылым достары» атты қоғам ұйымдастырды. Мицкевич бұл қоғамның белсенді мүшелерінің бірі болды.

Мицкевичтің бұл кездегі ақындық шы-

шеберлікпен жырланды.

«Дзяды» поэмасында қамтылатын оқығалар да, айтылатын сырлар да өте кең көлемде. Шын мәнінде бұл шығарманы жазуды ұлы ақын өзінің азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және оның дем берушілерінің бірі болып жүрген кезінде бастап, Россияда болған кезде және 1830—1831 жылдары Польшада болған оқығалардың әсерлерін тебірене сезінген жағдайда аяқтады.

Мицкевичтің аса күрделі шығармаларының бірі «Конрад Валленрод» деп аталады. Бұл шығарманы ол Россияда жүрген кезде жазды. Алғашында баспаға басуға рұқсат етілгенмен, кейіннен патша чиновниктері бұл шығарманың идеялық мазмұны самодержавияға қарсы бағытталған деп тауып, оны жарыққа шығаруға рұқсат бермеді. Ұлы ақынның бұл шығармасын Жуковский мен Пушкин аса жоғары бағалады. Ал Пушкин поэманың жіріспесін аударды.

1832 жылы Адам Мицкевич өзінің атақты поэмасы «Пан Тадеушті» жазуға кірісті. Бұл поэмасында ол Тадеуш пен Зосидің арасындағы махаббат картиналары арқылы Отанға деген өзінің аса зор сүйіспеншілігін бейнелеп берді. Айта кететін бір жай, Мицкевич өзінің бұл поэмасында патриотизм тек қысқа мағнадағы тар ұғым, немесе шовинизм тұрғысындағы түсінік емес деген пікірді айқындады. Әсіресе бұл поэмадағы туған елдің табиғат байлығы, оның адамдарының рухани күштілігі зор шабытпен жырланды.

Бұл поэма сол кезде саяси қызымыстары үшін шетелде эмиграцияда жүрген саяси қайраткерлерді қатты толқитты. Олар осы поэманы оқып отырып, «өзіміздің Отанға деген сағынышымызды басқандай болдық» деп жазды.

Афганистан Үлкен джиргасының қарары

БАБУЛ, 22 ноябрь. (ТАСС). Газеттерде Афганистанның 20 ноябрьде жұмысын аяқтаған Үлкен джиргасының (тайпалар өкілдерінің съезі) қарары жарияланды.

Үлкен джирга бірауыздан мынадай қаулы қабылдаған:

1. Діні жағынан және несілі жөнінде біздің туысқанымыз болып табылатын Пештунистан халқы өзін өзі билеу правосын қолдауды өтінгеніктен, — мұның өзі Афганистан халқы мен үкіметінің борышы болып табылады. Сондықтан Үлкен джирга үкіметке шарияттың ережесіне сай Пештунистан халқының талабын қолдауды, сөйтіп оның өзі тағдырын өзі дербес билеу-

ге правосы болуын қамтамасыз етуді ұсынады.

2. Пакистан үкіметінің кезіргі саясатын, әсіресе — ұлы державалардың Пакистанға саяси көмегін көрсетуі салдарынан күштеңестігінің бұзылып отырғандығын, сол сыяқты Пакистанның Афганистанға азынның тигізетін хауіпті шараларын ескере отырып, бұл қатерлі кезеңді үкіметтің міндеті өзінің қасиетті борыштары — елдің тәуелсіздігі мен суверенитетін қорғау міндетін орындау мақсатымен елді нығайту болып табылады. Сондықтан Үлкен джирга заманның талаптарын ескере отырып, үкіметке қандай да болса мүмкіншілігі бар

деуші» поэмасын жатқа білетін.

Бұл аса бағалы дәстүр кезіргі уақытта да онан әрі өрістеп дамып отыр. Совет халқы Адам Мицкевичтің өлмес мұраларын дүниежүзілік әдебиеттің асыл қазынасы ретінде бағалайды. Біздің елімізде оның шығармалары кезіргі уақытта халықтың сүйіп оқытын кітабына айналып отыр. Совет Одағында подаяттың ұлы ақынның шығармалары ондаған ұлттардың тіліне аударылды. Бұл шығармаларды оқып отырып, олар данышпан ақынды, революционер күрескерді зор құрметтеушілік сезіммен еске алады.

Ұлы ақын өзінің «Орыстарға үндеу» атты өлеңінде «Деспоттар құлаған күн бейбітшілік пен халықтар достығының бірінші күні болады» деп жазған еді. Расында да өз елдерін қайырышылық пен тонаушылыққа ұшыратқан буржуазиялық тәртіпті ұлы Совет Армиясының көмегімен құлатқан поляк халқы бұл күндері бейбітшілік пен халықтар достығы ұранын көтеруді елдердің алдығы санғында көледі. Олар өз елінде социалистік құрылысты орната отырып, бір кезде осындай жарқын өмір үшін өзінің бойдағы қайрат-қуатын, күш жігерін аямаған данышпан ұлдарын зор мақтаныш сезіммен еске түсіріп, оның атын ұлы поляк революционерлері Ярослав Домбровскийдің, Роза Люксембургтің, Феликс Дзержинскийдің аттарымен қатар атайды.

Адам Мицкевичтің қайтыс болғанына жүз жылдығын тек поляк халқы ғана атап өткелі отырған жоқ. Оны сонымен қатар бүкіл дүние жүзінің прогресшіл еңбекшілері атап өткелі отыр. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бұл күнді атап өтуге қарар алғандығы бұған айқын дәлел.

Ғ. АҚБИДАЕВ.

құралдармен, қандай да болса адалдықпен қол жететін мүмкіншіліктермен елді қорғау мақсатын көздей отырып, оны нығайтуды және қаруландыруды ұсынады.

3. Үлкен джирга, бүкіл Афганистан халқының өкілі ретінде, Пештунистан халқының өзі келісім беріп, тілек білдірмесе, Пештунистанның аудандарын Пакистанның территориясының бір бөлігі деп есептеуге сірә болмайтынын мәлімдейді. Джирга бұл мәселе жөнінде Афганистан халықтық советі мен сенатының осы жылғы 17 октябрьде қабылдаған қарарын мақұлдайды.

қарағанда, қалада манифестация болып, онан жүз мыңға жуық марокколықтар қатысқан. 50 мыңнан аса тұрғындар қалалық түрмеге қарай жорық ашып, саяси тұтқындардың босатылуын талап еткен.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПАКИСТАНҒА КЕЛУІ


КАРАЧИ, 23 ноябрь. (ТАСС). Бүгін Карачиге әйелдердің бүкіл Пакистандық ассоциациясының шақыруы бойынша Қытай Халық Республикасының әйелдер делегациясы келді, оны Қытай Халық Республикасының денсаулық сақтау министрі Ли Дэ-цюань басқаруда.

Делегация Пакистанда болған кезінде елдің бірқатар қалаларында болып, Пакистан әйелдерінің өмірімен және қоғамдық жұмыстарымен танысады.

«ҚЫЗЫЛ ГҮЛ» БАЛЕТІ СОФИЯ ТЕАТРЫНДА

СОФИЯ, 24 ноябрь. (ТАСС). Беше Софияда Глигорич «Қызыл гүл» балеті көрсетілді. Тао Хаоның ролін СССР Мемлекеттік Академиялық Үлкен театрының бишісі О. Лепешинская орындады. Балетке сол сыяқты Үлкен театрдың бишілері Ю. Гофман мен В. Левашев қатысты.

СССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КИНОПРОКАТ БӨЛІМШЕСІ облыс экрандарында



«КӨЛЕНКЕ МЕН СӘУЛЕ»

деген көркемсуретті жаңа фильм көрсетеді. Фильмді «Сигма-Вог» және «Фильм Марсо» (Франция) 1950 жылы жасап шығарған.

Смыслов өзінің бірінші орын алуын қамтамасыз етті

ЗАГРЕБ, 23 ноябрь. (ТАСС). 18 турда Смыслов Дюкитенді (Австрия) жеңіп шықты. Поррека (Италия) Малановичті (Югославия) ұтты.

Барца (Венгрия) — Филипп (Чехословакия), Минев (Болгария) — Удович (Югославия), Караклич — Рабар (екеуі де Югославия), Трифунович — Глигорич (екеуі де Югославия) және О' Келли (Бельгия) — Фудерер (Югославия) кездесулері тәштеп аяқталды. Милич — Берток (екеуі де

жаракты азайту стадиялар бойынша жүзеге асырылады. Мынаны атап өту керек: Мок өзінің бұл «синтезін» баяндаған кезде өз сөзінде бұл жоспардың атом қаруына тыйым салуды қарастырмайтындығын тағы да дәлелдеп берді.

Ж. Моктың сөзінен соң Иран өкілі Энтезам қарусыздану жөніндегі комиссия көмекші комитеттің тек сөйлегісі келген мүшелерін тыңдасын, онан соң қосымша комитеттің баяндамасы Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Советінің қарауына берілісін деген тілек білдірді.

Югославия) және Геллер (СССР) — Пирц (Югославия) ойындары аяқталмай қалды.

Талертен бұдан бұрынғы турдан қалған партиялар онан әрі ойналды. Поррек пен Милич ойынды тең аяқтауға келісті.

18 турдан кейін Смыслов 14 ұпай алып, кезіргі өзінде бірінші орынды өзіне қамтамасыз етті.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚАРДАҒЫ ІЗ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 7-де басталады.

«КӨЛЕНКЕ МЕН СӘУЛЕ»

Сеанстар кешкі сағат 9 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ҚЫЗЫЛ МЕН ҚАРА»

1-серия

Сеанстар сағат 11, 2-55 және кешкі 8-35-те басталады.

II-серия

Сеанстар сағат 1-10, кешкі 5-05, 6-50 және 10-45-те басталады.

ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА

«РУХЫМЕН КҮШТІЛЕР»

26 ноябрьде «БҮЛІНШІЛІК»

28 ноябрьде ЖАСТАР КЕШІ

Ойын кешкі сағат 8-де басталады.